



Г20 САММИТИ: ӘЛЕМДІК ТӘРТІП ӨЗГЕРМЕЙДІ

7



ҚАЛА КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

9



БІЛІМ КҮНІНЕ ТАРТУ

10



САМОКАТҚА САЛҒЫРТ ҚАРАУ

14

ҮНДІСТАННЫҢ ОЯНУЫ:

ОРТА АЗИЯ ҮШІН ҮНДІ- ҚЫТАЙ БӘСЕКЕЛЕСЕ МЕ?

Генри Киссинджер айтқандай, қай дәуірде болмасын халықаралық қатынастардың жүйесін қалыптаушы ірі күштер болады. Біз қазір Батыстағы ірі ойыншылармен қатар Азияда да алпауыт елдердің көтеріліп шыққанына куә болдық. Соңғы 40 жылда Қытайдың үздіксіз кеңейген ықпал-қуаты Азия шығысынан асып шығып, қалыптасқан батыстық державалармен иық тіресті. Жаңа күштің көтеріліп шығуы қашанда ескілі-жаңа күштер арасындағы бәсекені қыздырады. Көптеген елдерге бұл жағдай қолайсыздықтар әкелгенімен, кейбір аймақтар табиғи мүмкіндіктеріне орай өз пайдасын көреді. Айталық, ірі күштер арасындағы күрделі бәсекелестік қатынас Орта Азияның геостратегиялық маңызын жоғарылатты. Ресейден тыс АҚШ, Қытай және ЕО Еуразия кіндігіндегі аймаққа бұрынғыдан гөрі көбірек назар аударатын болды. Бірақ осыған дейін айтқанымыздай, аймаққа назар аударатын ойыншылар қатары бұнымен шектелмеуі мүмкін. Мысалы, Үндістан өзінің болашақтағы даму мүддесі үшін Орта Азия аймағына деген қызығушылығын арттырады даусыз.



7

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №104 (6397) 2 қыркүйек, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы



Кеше Мемлекет басшысы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жолдады. 1 қыркүйек – Білім күнімен қатар, кезекті Жолдау еліміздің тарихында жаңа саяси ахуал болып отырғаны бәрімізге белгілі. Президенттің Жолдауы мемлекетіміздің дамуы мен болашаққа бетбұрысын айқындап берді.

2,3,4,5

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.09.2023

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

3.09.2023

Түнде:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



● ПРЕЗИДЕНТ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ

Қазақстан Республикасының Президенті

(Басы 1-бетте)

Құрметті отандастар!

Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!
Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтан сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1200-ден астам елдімекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі, дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңыз куә болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер.

Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламентті бар Президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше.

Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Алайда, нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет.

Қазір әлемде геосаяси ахуал ұшығып тұр. Соған қарамастан ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті.

Былытр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады. Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз.

Әрине, басқа елдер де қарап отырған жоқ, олар да алға қарай ұмтылып, дамуда. Бір сөзбен айтқанда, жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды.

Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс.

Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады.

Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және



өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді.

Жаңа экономикалық саясатта жүзеге асуы екіталай. Сондықтан ұзақ мерзімді мақсат қоюға болмайды.

Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі.

Енді экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына тоқталайын.

Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет.

Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуға тиіс.

Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек.

Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, еліміз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді.

Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындауға тиіс. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды.

Жобаларды тиімді қолдау шараларын және оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау керек. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн. Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану керек.

Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз.

Мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін өндіріс саласын реттейтін және ынталандыратын түрлі тәсілдерді қолдану қажет. Өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы керек.

Сонымен бірге, реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісім-шарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз.

Мен былтыр қолданыстағы жүйенің бітпейтін дау-дамай, жұмыстың ұзақ мерзім, ашық еместігі сияқты түйткілді мәселелерін шешу үшін жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуді тапсырдым. Үкімет жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмсауға септігін тигізугі керек.

Бір жағынан жаңа жүйе еліміздің кәсіпкерлеріне одан әрі қолдау көрсетілуін және ең бастысы, қордаланған мәселелердің бюджеттен қаржыландыру арқылы шұғыл шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сатып алу үдерісі оңтайланып, қысқартылады, «баға емес, сапа» қағидатына басымдық беріледі, яғни демпингке тиімді тосқауыл қойылады және үдерістер толық автоматтандырылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне алғаш рет «басынан бақайшағына дейін» жасау тәсілі енгізіледі.

Жұмыстың ашық болуын арыз-шағымдарды қараудың жаңа тәсілін қолдану және қоғамдық мониторинг институтын енгізу арқылы қамтамасыз еткен жөн.

Соның нәтижесінде алдағы үш жылдың ішінде реттелетін сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесі кемінде 60 пайызға жетуге тиіс.

Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек.

Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек.

Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жакын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулыққа зиян келтіріп жатқанын айтып, шағымдануда. Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс.

Геологиялық барлау ісі айрықша назар аударуды қажет етеді. Еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін 2018 жылы тау-кен саласын басқару мәселесіне қатысты жаңа заңдар қабылданды. Бірақ заң талаптары толық орындалмай жатыр. Соның салдарынан табиғи ресурсқа қанша бай болсақ та, көптен бері ауыз толтырып айтатын геологиялық жаңалық ашылған жоқ. Ахуалды дереу өзгерту керек.

Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет. Көптеген елде бұл саланы негізінен жеке компаниялар алға сүйрейді. Сондықтан ірі көлемде жеке инвестицияларды тарту осы саланың әлеуетін ашуға барынша көмектеседі.

Ол үшін салық және реттеу шарттары өзгеріске икемді болуы керек. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвестордың жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Жобаларды келісуге қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайту керек. Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті – 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу.

«Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады.

Біз жыл соңына дейін саланы дамытуға қатысты нақты ұстанымымызды анықтап алуға тиіспіз. Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара.

Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады.

Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет.

Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс.

Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАР

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар. Тек оларға құзырлы мекемелердің тапсырысы керек.

Заманауи технология трансфертін жасау және жаңа өндірістер ашу жұмысын жалғастырған жөн.

Арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсетіледі.

Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ, өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге, өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса, байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8–10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал.

Қазір жаһандық бәсеке күшейіп тұр, тауар нарығында өзгеріс бар. Мұндай жағдайда өнім өткізу саясатына ерекше мән беруіміз керек. Жылдар бойы қалыптасқан ішкі және сыртқы нарықтағы орнымызды сақтап қалу айрықша маңызды. Үкіметтің алдында сыртқа шығарылатын өнім нарығының ауқымын жоспарлы түрде кеңейту міндеті тұр. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту және шығару үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді.

Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек.

Сондай-ақ, шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдейміз.

Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ, көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Дикандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн.

Мемлекеттің баға реттеу мәселесіне шектен тыс араласуы агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Бұл мәселені де шешу керек.

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ахуалды тұрақтандыру ісінде қазіргіден де маңызды рөл атқаруға тиіс. Бұл мекеме қажет кезде интервенция жасап, бағаның өсімін тежеп отырады. Азық-түлік корпорациясы нарықтағы жекеменшік иелерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, оны сақтайтын және сататын толыққанды желі құруына жәрдемдесуге тиіс.

Келесі мәселе. Өткен қыста еліміздің жылу электр станцияларында қайта-қайта апат болды. Бұл жағдай жылдар бойы шешілмеген мәселенің бетін ашып берді. Инфрақұрылымның әбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Индустрияландыру қарқынын да тежейді. Яғни инфрақұрылымды жаңғыртпасақ, жаңа экономикалық үлгіге көшу мүмкін емес.

Үкімет жаңа инфрақұрылымдық жоспарда осы саладағы барлық түйткілді ашық көрсетіп, оны шешу жолдарын анықтауға тиіс.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін де шешу қажет. Бұл салада қолдан келгенше өз ресурстарымызға арқа сүйеген абзал.

Басты міндет электр энергетикасы саласына жүктеледі. Алдағы 5 жылда кемінде 14 гигаватттық жаңа электр қуаты іске қосылады.

Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады.

Түптеп келгенде, Қазақстан электр қуатын басқа жақтан алмауға тиіс, яғни көршілес елдерге тәуелді болмауы керек. Біздің қазіргі ахуалымыз маз емес. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та, бұған мүлде жол беруге болмайды.

Әрине, жаңартылатын энергетика жобаларын жүзеге асыру да жалғасады. Су электр станцияларын дамыту мәселесі назардан тыс қалмайды. Электр қуатымен, жылумен және сумен қамтамасыз ету – технологиялық тұрғыдан алғанда тығыз байланысқан біртұтас жүйе. Оған экономиканың аса маңызды жеке саласы ретінде қараған абзал. Осы салаға қатысты қазіргі ұстаным негізінен өзектілігін жоғалтты. Енді жаңа шешімдер керек.

Тариф саясатын түбегейлі қайта қарау, тариф белгілеудің жаңа әдістемесін енгізу және инвесторлардың қызығушылығын арттыру қажет. Табиғи монополия субъектілерінің бәріне 5–7 жылға дейін көңілге қонымды нарықтық тариф енгізген жөн. Яғни баға тұрақты болса, инвестицияны нақты жоспарлауға мүмкіндік туады. Қаржы ұйымдары да кәсіпорындарға нық сеніммен несие бере алады. Сонымен қатар, монополистердің жауапкершілігін едәуір арттыру қажет. Бұл салаға цифрлық бақылау тәсілдерін енгізіледі. Сол арқылы азаматтарымыз тарифтік смета және инвестициялық бағдарламалар туралы ақпарат алады.

Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет.

Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс. Сонымен қатар, жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды.

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Бұл жаңа тұрмыстық мәдениетке айналуы қажет. Жалпы, бұл – үй шаруасына ғана емес, тұтас экономикаға ортақ талап. Қазір суды онды-солды пайдалануға мүлде болмайды. Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек.

Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет.

2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаяуға тиіс.

Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде. Қазақстанда да бұл бағытта көп жұмыс атқарылды. Жаңа Экология кодексі және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды. Соңғы 5 жылда жаңартылатын энергетиканың елімізде өндірілетін қуаттың жалпы көлеміндегі үлесі 5 пайызға жуық өсті.

2027 жылға қарай тағы 1,4 гигаватттық қуат көздері іске қосылады. Еліміздің энергетикалық теңгерімінің құрылымы өзгертін анық. Сондықтан қуат өндіруден бастап оны таратуға дейінгі бүкіл энергетика саласын басқару тәсілдерін жетілдіру керек.

Сутегіден қуат өндіру ісін дамыту қажет. Қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертін жүзеге асырып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібін құруға негіз болады. Ең бастысы, елімізде шикізат қоры жеткілікті.

Теңгерімді қуат көздерін, энергияны шоғырландыру жүйелерін құру үшін тың шешімдер қабылдау қажет. Көміртегі бейтараптығына көшуі парниктік газ шығарындыларына арналған квотаны саудалау арқылы тездетуге болады. Үкімет пен бизнес өкілдері осы бағыттағы мүмкіндіктерді пайдалану мәселесімен шұғылдануы керек.

Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту ісінің маңызы арта түсуде. Өткен жеті жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға 2,5 триллион доллардан астам қаражат жұмсалды. ESG қағидалары аз уақыт ішінде қаржы ұйымдарының қалыпты тәжірибесіне айналды. Осыған байланысты «Астана» халықаралық қаржы орталығы біздің аймақтың «жасыл» қаражат тартатын басты алаңына айналуға тиіс.

Атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналды. Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па деген сауалға қатысты түрлі пікір бар екенін білесіздер.

Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше, өз жерімізде атом станциясын салуға әбден қақымыз бар. Кейбір сарапшылар шағын ядролық станциялар салу керек деген пікір айтады. Алайда, көптеген азамат пен бірқатар сарапшы ядролық станцияның қауіпсіздігіне күмәнмен қарайды.

Семей полигоны халқымызға қаншама қасірет әкелгенін ескерсек, олардың күдігін түсінуге болады. Сондықтан бұл мәселе бойынша қоғамдық тыңдауларды, егжей-тегжейлі, кең ауқымды талқылауларды жалғастыруымыз керек.

Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем.

Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан

оны жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз.

Келесі мәселе. Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр.

Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Сол себепті, 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12–15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін.

Жалпы, біз – трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек.

Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер.

Шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптамалар мен болжамдар керек. Бұл талдаулар әр жылы және орта мерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын да қамтуы қажет. Сондықтан бәрін алдын ала жоспарлаған жөн.

Сондай-ақ, ішкі су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды. Суды үнемдейтін технология өте баяу енгізілуде. Суды шақтап пайдалану мәдениеті де жоқ.

Еліміздің кейбір өңірлерінде суды ең көп жұмсайтын ауыл шаруашылығы саласында оның 40 пайызы босқа ысырап болып жатыр. Су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозып тұр. Олқылықтың орнын толтыру үшін өте батыл және шұғыл шаралар қажет.

Ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек. Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке жеткенше құмға сіңіріп жоғалтып алмау мәселесі шешімін табуға тиіс. Өйткені, оның бәрі – ішкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына құрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керек. Негізгі міндет – 2027 жылға қарай қосымша екі текше шақырым суға қол жеткізу.

Су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды және шұғыл міндет. Сондықтан тиімді тәсілдер ұсыну қажет. Дегенмен, біз дәл қазіргі жағдайда жаңа тариф саясатынан да аттап өте алмаймыз. Әбден ескірген инфрақұрылым әрең жұмыс істеп тұр. Сондықтан жаңа инфрақұрылым салу – өте маңызды міндет, қазіргі нарықтың талабы. Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет. Оған қоса судың «көленкелі» нарығы түбірмен жойылуға тиіс.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қараң. Сол себепті, бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылады.

Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес. Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет деп санаймын. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болады.

Сондай-ақ, еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесіне түгел реформа жасалады. «Қазсушар», «Нұра топтық су құбыры» және басқа да негізгі компанияларда өзгеріс болады. Жалпы, осы саланың материалдық жағдайын жақсартып, кадр мәселесін шешу керек.

Су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ. Үкіметке көрші елдермен бірлесіп, бұл мәселені жан-жақты пысықтауды тапсырамын.

Стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі – көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалану.

Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейді деген болжам бар.

Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолаырықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс.

Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен, «Достық-Мойынты», «Бақты-Аякөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін теміржол желісі де бар.

Қазақстан көлік саласында Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайту ісінде Транскаспий бағдары айрықша рөл атқарады. Орта мерзімдік кезеңде осы дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бес есе артуы мүмкін. Ол үшін Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен бірге күш-жұмылдыруымыз қажет.

«Бақты» өткелінде жаңа «құрғақ порт» салу, Ақтаудағы контейнер хабының құрылысын тездету және Қара теңіз арқылы өтетін Орта дәліздің бойында тұрған аймақ әлеуеттерін арттыру керек. Қытайдың Сиань, Грузияның Поти қалаларында өз терминалдарымыздың құрылысы басталды. Бұл – Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасы біздің ұлттық бастамаларымызбен тоғысқанының нақты көрінісі.

Іргелес елдердің бәрімен, оның ішінде Ресей, Қытай, Орталық және Оңтүстік Азиядағы тату көршілерімізбен сындарлы әрі достық қарым-қатынаста болсақ, еліміздің көлік әлеуетін тиімді пайдалана аламыз.

Жалғасы 4-5-беттерде.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ Қазақстан Республикасының Президенті

(Басы 1,2,3-беттерде)

Бізге теңіз инфрақұрылымын дамытуға арналған біртұтас жоспар керек. Онда Құрық портына айрықша мән берілуге тиіс. Құрықты Ақтау порты сияқты толыққанды логистикалық кластерге айналдыруымыз қажет.

«Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық дәлізі де өте маңызды. Сол арқылы Парсы шығанағына шығуға болады. Біртіндеп бұл бағыттағы теміржол желісінің өткізу мүмкіндігін екі есе арттыру керек. Алдымен «Болашақ-Челябинск» теміржол желісінің Қазақстандағы бөлігін жаңғыртуға кірісу қажет.

Халықаралық дәліздермен тиімді байланыс орнату үшін логистика қызметін толық ұсыну маңызды. Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе әуежайлары мультимодальды орталық болуға тиіс. Бұл орталықтар бәсекеге қабілетті болу үшін жүктерді қабылдау және тарату қызметі сапалы атқарылуы қажет.

Жалпы, саланы дамыту үшін тариф және реттеу саясаты дұрыс жүргізілуге тиіс. Жеке инвестицияны көптеп тарту керек. «Қазақстан темір жолын» толыққанды көлік-логистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтау қажет.

Сондай-ақ, автокөлік жолдарының құрылысы мәселесі шешімін табуға тиіс. Қазір оның сапасы сын көтермейді. Тиісті жұмыстар уақытылы және сапалы жасалмайды. Жемқорлық белең алып тұр, бәсеке де жоқтың қасы. Мұның бәрі – осы салада әбден тамыр жайған кемшіліктер. Сондықтан жыл соңына дейін нақты шаралар қабылдау қажет. Міндетін адал атқармаған барлық компания заң бойынша жауапқа тартылады. Бұл мәселе мен баса назар аударамын. Бақылауды күшейтіп, жаңа нормативтік құжаттар қабылдау керек.

2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізу қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі рөлін арттыруы керек. Осылайша уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет.

Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады.

Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер.

Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз.

Быттырдың өзінде IT саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз.

2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жана міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек.

Үкімет жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек.

Еліміз есептеу қуаттарын жаһандық тұтынушыларға сата-тын орынға айнала алады. Сондықтан ірі мәлімет орталықтарын салуға инвестиция тарту үшін түрлі жеңілдіктерді де қамти отырып, барынша қолайлы жағдай жасау керек. Сондай-ақ, мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажет.

Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидаттарды заң жүзінде бекітетін кез келді. Үкіметтен, сарапшылар қауымынан, Парламент депутаттарынан біртұтас салалық құжат әзірлеу мәселесімен айналысуы сұраймын.

Мен сайлау алдындағы бағдарламамда «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылдау туралы бастама көтерген едім. Қазір әзірленіп жатқан заң жобасында экономикамызды ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасының көрініс табуы өте маңызды.

Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн.

Венчурлық қаржыландыру тәсілі инновациялық жобаларды іске қосуға қажетті негізгі қаражат көзі болуға тиіс. Сондықтан жобаларға еліміздегі және шетелдегі инвесторлардың қызығушылығын арттыру үшін құқықтық және қаржылық мәселенің бәрін шешу қажет.

Келесі. Елімізді инновациялық жолмен дамыту үшін Астана және Алматыда қажетті экожүйе қалыптастыруға мән беріліп отыр. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Мен аймақтарға барғанда дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтармен үнемі кездесемін. Біз олардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Аймақтағы жоғары оқу орындарының негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен тығыз ынтымақтаса отырып жүзеге асырған жөн. Бұл жұмысты әрбір облыс орталығында жүргізу керек. Астана хабының тәжірибесін кеңінен пайдаланған жөн.

Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрия.

Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың қайнар көзі саналады. Бұл аз десеңіз, креативті экономика дарынды әрі шығармашыл адамдарды өзіне тартатын ірі қалалардың дамуына ықпал етуші күшке айналуға. Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі өте төмен. Дегенмен, дарынымен бүкіл әлемді мойындатып жүрген отандастарымыз аз емес.

Біз елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.

Зияткерлік меншік дегеніміз – құрал-жабдық немесе технология сияқты кәдімгі мүлік. Қазір креативті индустрия орталықтары 3 ірі қалада (Астана, Алматы, Шымкент) шоғырланған, өңірлер назардан тыс қалып отыр. Бұл ахуалды түзеу қажет. Дарынды азаматтарды өзіне тартатын орындар, яғни креативті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімін коммерцияландыруына көмек көрсетілуі керек.

Креативті индустрия субъектілері өндіріс ерекшелігіне байланысты кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына толық қатыса алмайды, қаржылай көмек те ала алмайды. Оларға қолдау көрсетуге арналған шаралардың жеке топтамасын әзірлеу қажет деп санаймын.

Енді орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне тоқталғым келеді. Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда, орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді.

Ең алдымен, орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажет. Орта кәсіпкерліктің басым бөлігі әбден дамыған кезде бөлшектеніп кетеді. Өйткені, оларға шағын бизнес деңгейінде қалған әлдеқайда «қолайлы». Үкімет шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керек.

Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Оларға қолдау көрсету қажет. Мұндай кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірлеу керек. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейту қажет.

«Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген жөн. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керек.

Мемлекеттік қолдау шараларын өндірістің технологиялық күрделілігіне және бизнестің нақты түріне қарай жіктеу маңызды. Оның операциялық тиімділігі жоғары болуы да өте маңызды. Сондықтан «Байтерек» холдингінің құрылымын өзгертіп, оны кең ауқымда цифрландырған жөн.

Экспортты ұлғайтуға айрықша мән беру керек. Оның әдіс-тәсілдері болғанымен, жүйелі ұстаным жоқ. Осы орайда, Kazakhstan Export компаниясы экспортты дамытатын толыққанды институтқа айналады. Компанияға осы міндетті атқаруға қажетті құзырет берілуге тиіс. Бұдан бөлек, «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Басты назарды облыс орталықтарына емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударған жөн.

Бәсекелестік дамымаса, бизнес те өркендемейді. Бұл – айдан анық. Қазір негізгі салалардың көбінде бірнеше ірі кәсіпорын басымдыққа ие болып отыр. Бұл жағдай нарықтағы шынайы ахуалды көрсете алмайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Үкіметпен бірлесіп, негізгі нарықтарды монополизациялау үшін шаралар қабылдауға тиіс.

Біз сауда-саттықты өркендетті жолмен жүргізу үшін тауар биржаларының жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасадық. Алайда, реттеу жұмысының тиімділігі төмен болғандықтан, біреулердің ырқынан шықпайтын тауар биржалары пайда болды. Олар бәсекелестікті жоятын, импорттың және өнімсіз делдалдықтың пайдасы үшін сатып алу рәсімдерін айналып өтетін орындарға айналды. Реттеу талаптарын күшейтіп, айтылған кемшіліктерден түгел арылу қажет.

Сонымен бірге, сауда-саттыққа қатысты озық тәсілдердің еліміздің өнім өндірушілеріне толық қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды.

Ұлттық сауда жүйесімен ғана түйықталып қалуға болмайды. Бизнеспен бірлесіп, мықты аймақтық тауар-шикізат биржасын құру мәселесін пысықтау қажет.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Қазір монополияға қарсы органның заңсыздықтарды жою үшін шұғыл шаралар қабылдайтын мүмкіндігі жоқ. Монополияға қатысты істердің үштен екісінде тергеу басталмай жатып, сотқа шағым түседі. Ал соттағы дау-дамай жылдарға созылуы мүмкін. Соның кесірінен құзырлы мекеменің жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан Үкімет Парламентке тиісті заңнамалық түзетулер енгізуі керек.

Келесі маңызды мәселе – мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту. Қазір жекеменшікке заңсыз өткен және шетелге шығарылған бірқатар активтер мемлекетке қайтарылуда. Біз ашық әрі бәсекеге қабілетті экономика құрып жатырмыз. Сондықтан қайтарылған активтің бәрін ашық түрде және мемлекет үшін тиімді шартпен нарыққа шығару керек.

Жалпы, жекешелендіру және халықтық IPO жұмыстарын барынша тездету қажет. Басты мақсат – активтерді басқару ісінің ашықтығын және тиімділігін барынша арттыру. «Самұрық-Қазына» қорының бейінді емес активтерінің бәрі жекеменшікке және халықтық IPO-ға өтуі керек.

Үкімет бұл жұмысты 2024 жылдан бастап қолға алады. Келесі жылы «Air Astana» компаниясы халықтық IPO-ға шығарылады. «QazaqGaz» кәсіпорны да осы жұмысқа дайындалуы керек. Ірі компаниялардағы мемлекет активтері саудаға шығуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – кәсіпкерліктің бүгінгі ахуалы. Билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог болуы қажет. Қазіргі өтпелі кезеңде мемлекеттік органдардың кемшілікке

жол беретіні, кейде асыра сілтейтіні жасырын емес. Сондықтан экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеттерін қылмыс санатынан алып тастау жұмысын жалғастыру қажет. Бұл жерде сөз кәсіпкерлерге және олардың экономикалық теріс әрекетке қатысты істер туралы болып отыр. Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет.

Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын бір-жола тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ соған қарамастан әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде әдейі таратылып жатады, тіпті, олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет. Сондықтан мен жуық арада еліміздің бизнес өкілдерімен арнайы кездесу өткіземін.

Келесі мәселе. Біз макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жаңартуымыз керек. Мен жаңа ғана экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома. Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек.

Инвестицияның жетіспеуі экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе болып тұр. Инвестицияның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтырады.

Быттыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді.

Сонымен бірге, нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиемен әуестеніп кетті. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырды.

Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімім және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржола түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар, азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды.

Бұл ретте Аманат партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өту қажет. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке Аманат партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуі тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет.

Корпоративті салаға берілетін несиемен жеткіліксіздік мәселесін шешу керек. Экономикаға ақша керек. Быттыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегенін арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді.

Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ. Үкімет ешбір ақылға сыймайтын осы мәселені анықтап жатыр. Соған сәйкес заңдарға түзетулер әзірленіп, Мәжіліске енгізіледі. Депутаттардың оны мұқият қарауын сұраймын.

Сонымен бірге, банктерді корпоративті несие беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банк қызметінің басқа түрлеріне қарағанда бизнеске несие беру ісі банктерге пруденциалды және фискалды реттеу тұрғысынан анағұрлым тиімді болуы керек. Мұның онай еместігін, күрделі мәселе екенін түсінемін. Үкіметке және қаржы саласын реттейтін мекемелерге бір жылдың ішінде осы маңызды мәселеге қатысты өздерінің кесімді байламын айтуды тапсырамын.

Банктердің «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтерін экономикалық айналымға қосу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл ретте осы активтерді иеленуге ниет танытқан бизнес өкілдерінің оны алып, экономикаға қайтаруына мүмкіндік беретін ашық цифрлы платформа құруды тапсырамын.

«Ұзақ мерзімге арналған қаражат» нақты секторға барынша қолжетімді болу үшін бірлескен және синдикалталған несие беру тәсілін кеңінен қолдану керек. Сондай-ақ, өнеркәсіп өкілдері мен кәсіпкерлер несиенің бәрін жұттып қоймауы қажет. Олар экономикамызды іс жүзінде әртараптандыруды қамтамасыз ететін сапалы жобалар ұсынуға тиіс. Коммерциялық банктердің қызығушылығын арттыру үшін олар стратегиялық жобаларды қаржыландырып кезде даму институттарының кепілдігін беру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Банк саласындағы тағы бір өзекті мәселе – барлығы бірнеше банктің қолында шоғырланған. Қазір Қазақстанда 21 банк бар. Бірақ корпоративті секторға несие берумен, яғни экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк ғана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан жөн.

Жалпы, нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде өсуін қамтамасыз ету – маңызды міндет.

Экономиканы қаржыландыру көздері жайлы сөз болғанда, Ұлттық қордың қаражатын пайдалану қажеттігі туралы жиі айтылады. Сарапшылар Қордың жинақтау және дамыту рөлінің арақатынасы жөнінде дауласып жатады. Әрине, қаржыны жинақтап, сақтау негізгі міндет болуға тиіс. Ұлттық қордың қаражаты күтпеген сын-қатерлерге тап болған жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір кепілдік береді.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРҒА

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Дегенмен, Қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Тіпті, қазірден бастап соған жұмсау керек.

Ұлттық қор әлден-ақ бірқатар ірі жобаны қаржыландырылып жатыр. Алайда, сол жобаларды іріктеу ісінде жүйелілік жетіспейді. Сондықтан Ұлттық қордың әрбір теңгесі айтарлықтай пайда әкелуі үшін барлық ұсынысқа жан-жақты сараптама жасалуын қамтамасыз ету қажет.

Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді және ашық жұмсалуда тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – қор нарығын дамыту. Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне бірін-бірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет.

Төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау да өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Былтыр Ұлттық банк ұлттық төлем жүйесінің бірінші бөлігі – жылдам төлемдер жүйесін іске қосты. Қазіргі таңда бұл жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ұлттық банкке 2024 жылы Ұлттық төлем жүйесін толық енгізу жұмысын аяқтауды тапсырамын.

Енді тағы бір аса маңызды мәселеге, яғни бюджет саясатына тоқталайық. Мен былтыр «бюджетті басқарудан» «нәтижені басқару» тәсіліне көшу арқылы бюджет жүйесін реформалауды тапсырдым. Бұл мәселе жаңа кодексті қабылдаған соң шешімін табады. Бюджет үдерісінің ашықтығы, оған қатысушылардың жауапкершілігі мен дербестігі арта түседі.

Сонымен бірге, бюджет саясатының тиімділігін арттыру үшін әрдайым жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан Үкіметке бірнеше министрлік пен аймақтар үшін пилоттық режимде толық бөлшектенген бюджет жобасын енгізуді тапсырамын.

Келесі. Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде әкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, әкімшілік реформа қолға алынды. Бұл ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту де өте өзекті мәселе. Жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керек.

Корпоративтік табыс салығынан және басқа төлем түрлерінен түсетін кірістің бір бөлігін өңірлерге беру оң нәтиже көрсетті.

Былтыр аймақтар табысының өсімі 30 пайыздан асты. Сондықтан реформаның келесі кезеңінде осы норманы өзге де салықтарға, оның ішінде қосымша құн салығына да қатысты қолдану қажет. Мұндағы міндет – бюджеттің екінші деңгейіне кем дегенде екі триллион теңге қосымша қаражат беру.

Кезең-кезеңімен жүргізілген фискалды орталықсыздандыру жұмысының нәтижесінде жергілікті бюджет кірісінің құрылымындағы республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттің үлесі орта есеппен 25 пайызға дейін төмендеуге тиіс (қазір бұл көрсеткіш 50 пайызға жуық).

Сонымен қатар, аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкелмек. Ұсынылып отырған бастама өте маңызды. Келешекте аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді. Сол себепті, барлық әкім бюджетаралық қатынастардың жаңа үлгісіне көшу кезінде оның біртұтас мемлекетімізге тигізетін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мен бұдан бұрын экономиканың түрлі секторындағы салық мөлшерлемесін саралау туралы айтқан едім. Бұл шара салық жүктемесін өндірістің күрделілігіне қарай бөлуді қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлер қосымша құн салығын қайтару рәсімінің күрделі екені жөнінде орынды мәселе көтеріп, шағымданып жүр. Бұл жайт еліміздегі инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді. Үкімет көптен бері түйіні тарқамай келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс. Сондай-ақ, салық жеңілдіктерін беру тәртібін реттеу қажет. Олар экономикалық ынталандыру шараларының нысаналы тәсілі болуы керек. Жиналмаған салық – салынбай қалған ауруханалар, мектептер мен жолдар деген сөз. Салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20 пайызға қысқарту қажет. Қалған жеңілдіктер жекелеген жобалар мен тұлғаларға байланып, нақты ереже бойынша берілуі керек.

Салықтық әкімшілендіру мәселесіне келсек, фискалды органдар мен салық төлеушілердің қарым-қатынасын қызмет көрсету үлгісіне көшірген жөн. Басты мақсат жазалау емес, ескерту болуға тиіс.

Салықтық бақылау ісін толық цифрландырып, есептілік формаларын 30 пайызға қысқарту қажет. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын кемінде 20 пайызға азайту керек. Айтарлықтай түсім әкелмейтін төлемдерді толығымен алып тастап, қалғандарын біріктіруге болады.

Бөлшек салықты енгізу мәселесі қажетті бастама болғанына көзіміз жетті. Осыны ескере отырып, Үкімет оны қолдану аясын екі есе кеңейтеді. Сондай-ақ, үдемелі салық салуды енгізу жұмысын жеделдеткен жөн.

Салық саясатын қайта қарап, өзгерту үшін Үкімет пен Парламент батыл әрі жан-жақты ойландырылған шешімдер қабылдауы керек.

Тағы бір мәселені атап өту қажет. Азаматтардың мүддесі мен сұранысы – Қазақстанның экономикалық даму стратегиясының өзегі. Яғни адамның қажеттілігі әрдайым басты назарда болады. Сол үшін біз шикізатқа тәуелді болудан біртіндеп арылуымыз қажет. Бұл бізмен табанды түрде жүргізілуі тиіс.

Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді.

Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты.

Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар.

Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану.

Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кәметке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонның ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек.

Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн.

Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек.

Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын.

Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын баспақы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Қазір еңбек нарығында ауқымды өзгерістер болып жатыр. Онда цифрлы экономиканың рөлі арта түспек. Платформалық жұмыспен қамту жүйесіне қызығушылық артып келеді. Осы секторда қазірдің өзінде жарты миллионнан астам адам жұмыс істейді. Алайда, олардың еңбек құқықтары толық қорғалмаған. Сондықтан осы санаттағы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нақты тәсілдерін әзірлеп, платформалық жұмыспен қамту мәселесін түгел реттеу қажет.

Өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр. Үкімет 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын осы жылдың соңына дейін қабылдауға тиіс. Бұл құжат жұмыс орындағы кәсіби сын-қатерлердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек.

Менің тапсырмаммен Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірледі. Бұл бұрыннан талқыланып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын. Азаматтар осы мәселе шешімін табады деп күтіп отыр.

Келесі. Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді.

Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек.

Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Сондықтан ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет. Осы саладағы реформаның басты бағыттары мынадай. Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені, олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл – әкімдерге де қатысты мәселе.

Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократия және сөзбұйдаға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс.

Үшіншіден, Президент Әкімшілігі басты «саяси штаб» ретінде мемлекетті әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік, құқық және кадр саясаты мәселелеріне барлық күш-жігерін жұмылдырады.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бізге оның мейлінше шағын және қолайлы болғаны маңызды. Сондай-ақ, тапсырмалардың орындалуын бақылау және бағалау жұмысын да қайта қарауымыз керек. Бұл – жұртшылықтың сұранысы. Басқаша айтқанда, қазір қоғамда жаңа әдіс-тәсілдерге, жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныс аса жоғары. Сондықтан саяси мемлекеттік қызметшілердің резерві құрылады, соның арқасында «қосымша кадрлар тобы» қалыптасады.

Қазір кадр тапшылығы өзекті мәселе болып тұрған кезде мұндай қадам өте маңызды. Жоғары лауазымға ие болғысы келетіндер көп, бірақ олардың біліктілігі тиісті талапқа сай келмейді. Демек, кадр мәселесін міндетті түрде қолға алуымыз керек, сапалы мамандар тәрбиелеу қажет. Бұл ретте саяси партиялардың кадрлық әлеуетін де пайдаланған жөн.

Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үшті сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз.

Қадірлі отандастар!

Еліміздің экономикасын дамытуға қатысты бүгін айтылған жоба-жоспардың бәрі нақты зерттеліп, есептеліп жасалды.

Бүкіл экономикалық жүйені шұғыл түрде түбегейлі қайта қарап, өзгерту арқылы елімізді өркендетеміз, халықтың әлауқатын арттырамыз.

Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу. Әрине, бұл – ауқымды әрі күрделі міндет. Бірақ біз еліміздің байлығын, табысын азаматтарымыздың арасында әділ бөлуіміз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек. Бұл – принципті мәселе.

Еліміздің болашағы баянды болсын десек, бұл стратегиялық міндетті қалайда орындауға тиіспіз.

Мен еліміздің даму бағдары туралы пайымдарымды үнемі айтып жүрмін. Соны тағы да қайталағым келеді.

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз.

Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келеңсіз оқиғалар болып жатады.

Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды.

Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.

Жалпы, әлемдегі ахуалдың күрделі екенін көріп отырсыздар. Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, биылғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқын тигізеді. Бірақ біз жаһандық дүрбелең дәуірінде өз бағдарымыздан адаспаймыз.

Әрине, даму жолымыз әрдайым теп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ.

Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.

Өркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы.

Тағы да қайталаймын: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.

Берекеді бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтіп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҰҒА академигі:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Бұл халықтың көптен күткен Жолдауы еді. Жаңалықтары құлақтың құрышын қандырды. Бұның негізгі бағыты – жаңа экономикалық үлгі. Бізде жерасты байлықтарының бәрі бар. Осыған қатысты бірқатар нақты тапсырмалар берді. Дәлірек, мұнай, металл, т.б. өңдеу мәселесін алға қойды. Мәселен, шетелде шикізат 95% өңделсе, бізде 65–70%-дан аспайды. Балқаш мыс қорыту зауытынан кабель, сым, әртүрлі электроникаға керек-жарақ жаса-сақ, 10 зауыттың пайдасындай пайда табар едік. Жезқазғанда сирек кездесетін элементтер бар. Бұл да әскери қару-жарақ жасауға өте таптырмайды.

Жастар ауылдан қалаға ағылып келіп жатыр. Қалада жұмыс азайды. Олар вокзал, базар сынды әртүрлі жерлерде жүреді. Аш-жала-наш жүргендер ешкімді аямайды. Оның салдары бандитизмге душар етеді. Бұның негізгі себебі, ол – кедейшілік. Сол үшін де шағын және орта бизнесті қолға алу қажет екендігі айтылды. Дамыған елдерде шағын және орта бизнес 60% өнім береді. Ал бізде 25–30%-дан аспайды. Кәсіпкер шағын өндіріс орнын ашса, тексере береді. Сондықтан да Мемлекет басшысы отандық кәсіпкерлікті күшейтуді тапсырды. Бұл шетелдің бизнесмендеріне есікті жауып қою дегенді білдірмейді. Кәметке толмағандарға зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны күшейтуді

айтты. Президент бізді жаңа тұрмыстық мәдениетке шақырды. Су, жарық бәрі-бәрін үнемдеу қажет. Сондай-ақ, қайырымдылық көп болуы керек.

Әсіресе, химия өндірісі, шахта, металлургия сияқты зиянды өндірістің жайы айтылды. Кенші шахтаға түскенде «осыдан аман шығам ба, шықпаймын ба?» деп ойланады. Міне, қаншалықты қауіптілігін, көрдіңіз бе?! Әдетте осы саладағы мамандар 60–65 жас-тан әрі аспайды. Кезінде «ыстық цех» ауыспалы термині болатын. Сонда істейтін жұмысшылардың айлығы көп болатын. Қазір олай емес. Алда 55 жасқа толғанда арнайы өтемақы берілетіні дұрыс болды. Сондай-ақ, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында уранның үлкен кені орналасқан. Оны шетелдіктер әкетіп жатыр. Негізгі қышқылмен залалсыздандыру керек еді. Бірақ олай етіп жатқан жоқ. Турасын айтқанда, ұлттық байлықтан үлесіміз болуы қажет.

АЭС салу және салмау туралы референдум жасаймыз деді. Мәселен, Ресейдің салған атом электр станциясы 30 жылдан аспайды. Егер керек болса, АҚШ, Франция, Жапонияның компанияларын тартайық. Түркияда орыстар АЭС салды. Түріктер бір жеріндегі ақауын байқады да, қайта салуға мәжбүрледі. Мойындайық, біздің ондай күшіміз жоқ. Меніңше, халық АЭС салуға қарсы шығады. Оған бір аса мұқтаждық та байқалмайды. Күннен, желден қуат алуға болады.

2024 жылдан бастап әр баланың есеп-шотына ақша аударылады. Бұндай үрдіс Арабия сияқты дамыған елдерде бар. Арабтар мұнайды «Құдайдың бергені» деп есептеп, әр отбасыға тең бөледі. ЖІӨ 104 миллиард доллар болғандығын айтты. Бұл жақсы көрсеткіш. Осы деңгейді ұстап тұру үшін жемқорлықты тоқтату қажет. Қадір мәселесін басты назарда ұстайық.

Гүлжан БЕКЕНОВА,
қалалық Мәслихат депутаты:ЖОЛДАУДА МАҢЫЗДЫ
БАСТАМАЛАР КӨТЕРІЛДІ

Міне, күздің алғашқы күнінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын жариялады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орынқанын, адам құқы-

ғын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті. Сонымен қатар, Президент нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалуға болмайтынына баса назар аударып, осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктеп отыр.

Сондай-ақ, мемлекеттің экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және әкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бірқатар маңызды бастама көтерді.

Аязби АҚБЕРГЕНҰЛЫ,
Халықаралық ақпараттық технологиялар
университетінің профессоры:

МЕН ЖӘНЕ АТОМ

көздері мен оның тұрақтылығына деген сұраныс өсе береді. Адамдардың тұрмыс деңгейінің сапасы да электр қуатымен тығыз байланысты. Осы факторларды ғылымда технологиялық қатпар, деңгей (техуклад) деген ұғыммен түсіндіреді. Атом технологиясының толық енгізілуі білім мен ғылымға да тың серпіліс береді, жаңа мамандар мен ғалымдар шоғыры өсіп шығады. АЭС сонымен қатар, бірнеше қосалқы өндірісті жандандырады және салааралық ғылымдарға да қозғау салады.

Ел болашағы үшін маңызды бұл мәселеде көп аргументтермен ой таластыруға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі Жолдауында оны халықтың кең талқылауына ұсынып, референдум арқылы шешім қабылдауды ұсынды. Әртүрлі пікірлер дау-дамайға түскен жағдайда бұл өте салмақты шешім, халық тілегіне құлақ асқан биліктің көрегендігі. Онсыз да Қазақстанның барлық өңірлерінде АЭС құрылысына қатысты көпшілік талқылаулары болатындығы айтылып, басталып та кетіп еді.

Енді референдумды өткізуге қатысты бір ауыз пікір білдірсем деп отырмын. Қазақстанның цифрлық технологияларды енгізудегі жеткен жетістіктерін назарға ала отырып, осы референдумды электронды өткізудің мүмкіндіктері қарастырылса деген ұсынысым бар. Ақпараттық технологиялар университетінің өкілі ретінде оның бірнеше мүмкіндігіне көңіл аударғым келеді. Бір нұсқасы, мобильді қосымша арқылы сайлау құқығы бар азаматтар тіркеуден өтеді және дауыс беру нақты бір уақыт шеңберінде өтеді, нәтижесі автоматты жарияланады. Электронды үкімет порталы арқылы дауыс беруді тағы бір нұсқа ретінде қарастыруға болады.

Референдумға электронды қатысу нағыз белсенді электоратты анықтауға жол ашады, белсенді азаматтар өзінің азаматтық позициясын батыл қорғап шығады. Ақпаратты бүлінуден сақтаудың, азаматтардың таңдауын қорғаудың технологиялық мүмкіндіктері жеткілікті. Осы жолда батыл тәжірибе жасап, ілгері жылжитын да уақыт келген тәрізді.



Әркімнің атом қуатына қатысты тәуекелге барып өз тұжырымын білдіретін сындарлы шағы туған тәрізді. Кешегі Президент Жолдауы осындай ойға жетеледі. Тақырып медиа кеңістікте жиі қозғалғанымен, пікірлер сан алуандығы саябырситын емес.

Қазақстанда атом электр станциясының салынуына қарсылық негізінен экологиялық қауіп-қатерлермен, қауіпсіздік факторларымен байланысты. Кешегі тарихымыздың ақтаңдақтары, атом қаруын сынаудың зардаптары жадымызда тұр, үрей тудыратыны да сондықтан. Атом өндірісінің суға, топыраққа, ауаға әсері де ауқымды зерттеулерді, білікті сараптауларды талап етеді.

Таразының екінші басында Қазақстан экономикасының болашағы, оның әлеуеті мен өсу қарқыны тұр. Жыл өткен сайын энергия

Серік НҰРМҰРАТОВ,
Философия орталығының директоры, профессор:ЕРЕКШЕ
ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған маңызды стратегиялық міндеттер мен терең мағыналы құндылықтар қатарына көптеген өзекті және маңызды дүниелер енді.

Жыл сайынғы дәстүрлі күз айының басында жарияланатын Жолдаудың биылғы жылғы басымдылығы экономикалық мәселелер екені кездейсоқ емес.

Өйткені, еліміздің материалдық негіздері пәрменді даму жолына түсе алмай келеді және оның әлеуметтік-экономикалық құрылымы әлі күнге дейін толықтай жаңғыра алған жоқ. Жылу станцияларындағы жарылыстар, тозығы жеткен техниканың жаңаланбауы, бюджеттің тиімсіз пайдалануы сияқты деректер Жолдауда заманауи кезеңнің ащы шындығы ретінде жарияланды.

Бұл жердегі сыни талдаудың түпкі астарында қазақстандық қоғамды өркениетті елдердің қатарына қосу идеясы жатыр. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бұрынғы жылдары үстірт қана аталып өтетін су проблемасына жаңаша көзқарасты қалыптастырып, су саясатын жүргізуді ұсынды. Болашақта елдер арасында су мәселесі мемлекетаралық қатынастардың маңызды қырына айналатындығы биылғы жылдың өзінде ерекше сезіле бастады.

Қазақстан Президенті «Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» сияқты ұғымдардың біздің қоғамымызда басымдық танытуы тиіс екенін атай келіп, жастар арасындағы креативтілік, мобильділік, ашық сұхбатқа дайындық сияқты қасиеттердің кеңінен таралуына назар аударды.

Қазіргі кезеңде әлде де шешімін таппай келе жатқан проблемалардың қатарына кәсіби білімнің өндіріске тиімді пайдасын тигізе алмай келе жатқанын жатқызуға болады. Жоғары оқу орындары мен өндіріс орындары арасында өзара

серіктестікке негізделген шынайы, адал және әділ қатынастар орна-маса қоғамдағы, экономикадағы пәрменді дамуға, жаңғыру мен жаңаруларға қол жеткізе алмаймыз. Осы сипаттағы сапалық және сандық көрсеткіш оқу орнының маңыздылығы мен қаржыландыруын анықтауы тиіс. Әртүрлі деңгейдегі басшы мамандардың жеке жауапкершіліктерін арттырмай, айтылған сөз айтылған жерінде қалуы да мүмкін.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз керек деген сөз Мемлекет басшысы тарапынан айтылды. Оны тек Президенттің өзі ғана жүзеге асырмайды. Сондықтан аймақтық деңгейдегі осы тетіктің жұмыс істеу қабілеті мен нәтижелері үнемі бақыланып, есеп беріп отыруы тиіс. Демократияның айқын көрінісінің айшықтала түсуі қазіргі кезеңде өте маңызды. Себебі, біз «Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» ұғымдарын ерекше құндылықтар ретінде дәріптеп қана өркениетті елдің қатарына қосыла аламыз.



САРАПТАМА

(Басы 1-бетте)

Неге Үндістан?

Себебі, қазір әлемнің өндіріс базасы Қытайдан оңтүстікке қарай баяу алмаса бастады. Осымен бірдей уақытта Үндістан да Азиядағы жаңа күш орталығы ретінде көзге түсті. Әлем өндіріс базасының өзіне қарай жақындауы Үндістанның ықпал-қуатын арттыруда. Алдағы уақытта Үндістан әлемдік өндіріс пен тұтыну нарығында Қытайдың орнын иеленуі мүмкін деген болжамдар айтыла бастады. Бірақ бұл қысқа мерзімде жүзеге асатын жағдай емес. Қытайдың өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап біртіндеп көтеріліп шыққаны секілді, Үндістан да біршама ұзақ уақыт пен процесті бастан кешіреді.


Бұл арада өндіріс базасы неге Қытайдан кетті деген сұрақ туады. Бұған бір жағынан стратегиялық бәсеке қалыптастырса, енді бір жағынан нарықтың өз заңдылығы да себеп болған. Былайша айтқанда, бір кездері Қытай әлемдік брендтер мен түрлі өнім иелері үшін көп әрі арзан еңбек күшімен, қолайлы өндіріс базасына қызықтырған. Біртіндеп, Қытай экономикасы жоғарылады, тұрғындарының кірісі де артты. Соған ілесіп Қытайда өндіріс құны қымбаттады. Кез келген компания үшін енді ол қолайлы өндіріс орналасуы болмай қалды. Сондықтан еңбек ақысы салыстырмалы арзанырақ, өндіріс құны төменірек Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азияға қарай ойысты.

Бұл аймақ өзінің қолайлы климаты және мол еңбек ресурсымен әлемді өзіне қызықтырады. Қытайдан да көп халық саны бар осы алып аймақ теңіз-мұхитпен шектесіп жатыр. Әрі Азия, Африка, Оңтүстік және Солтүстік Америка құрлықтарына да қолайлы теңіз тасымалымен тұтасқан. Үндістан осы аймақтағы ең ірі мемлекет ретінде жаңа күш орталығы ретінде мойындала бастады.

Еуропаға ең жақын жол іздейді

Бір қарағанда, Үндістанның біздің аймақтағы қадамдары тым елеусіз. Бұған қарап Үндістанды аймақтағы жаңа ойыншы ретінде қарастыру қисынсыз көрінеді. Алайда, неге Үндістан біздің аймаққа назар

ҮНДІСТАННЫҢ ОЯНУЫ: Орта Азия үшін үнді-қытай бәсекелесе ме?



аударуы мүмкін? Себебі, Үндістан Еуропаға апаратын ең төте жол арқылы қазіргі Қытайдың қоршауына шығып кетуді көздейді. Қытай Үнді-Тынық мұхитындағы сауда жолынан тартып, Мьянмадағы және Пәкістандағы экономикалық дәліздер арқылы Үндістанды үлкен қоршауға қалдырған. Бұл қоршауды бұзу үшін Жаңа-Дели 2000 жылдардың бас шенінде басталған Халықаралық Солтүстік-Оңтүстік көлік дәлізін (ХОСКД/INSTC) қолдануға мүдделі. Бұл біріншіден жерасты ресурстарға ие Орта Азиямен байланысты дамыту үшін қолданатын сенімді құралы болуы мүмкін. Орта Азия, Каспий аймағы арқылы Ресейге және Еуропаға жететін құрлық жолы Үндістанның алдағы негізгі стратегияларының бірі болатынын болжай аламыз.

ХОСКД болашағы қандай?

Бұдан 20 жыл бұрын басталғанына

қарамастан, Оңтүстік-Солтүстік көлік дәлізі тым баяу дамытылды. Бұдан сәл ғана бұрын Үндістан тәжік жерінде осы жобаның аяқталып қалғанын мәлімдеді. Шын мәнінде, бұл мәлімдеме аймақ елдеріне жасалған сигнал болды. Сол арқылы Жаңа-Дели Орта Азия елдерін өзімен тұтастыратын экономика жолағына назар аударуға шақырғандай. Бірақ бұл көлік дәлізі қазір тұтастай Орта және Оңтүстік Азияны еркін жалғап кетуге дәрменсіз. Бұған үлкен кедергілер де жоқ емес. Айталық, Үндістан-Қытай қайшылығы және Үндістан-Пәкістан қайшылығы көбірек бөгет болады. ХОСКД Жаңа-Дели жобалағандай Еуропа, Ресей, Орта Азия және Оңтүстік Азияны жалғастыру үшін міндетті түрде Ауғанстан және Пәкістанды кесіп өтуіне тура келеді. Онсыз жоба толыққанды қуатын көрсете алмайды. Ал осы елдермен болған терең қайшылық Үндістан үшін ең үлкен сынақ болмақ.

Бірақ бұл сауда дәлізіне үміт артатын Ресей және Иран сынды тараптары

болғандықтан, болашағын жарқын елестетуге де болады. Иран да, Ресей де Еуразияның солтүстігі мен оңтүстігін жалғайтын сауда жолы арқылы Батыстың құрсауынан шығып кетуді көптен көздеп келеді. Бұған дейінгі ресми кездесулерде Тегеран мен Мәскеу бұл жобаны қуаттайтын анық аңғартқан.

Орта Азиядағы екі ірі жобаның бәсекесі

Қытай 2013 жылдан бастап «Бір белдеу, бір жол» жобасын ұсына отырып, өзінің негізгі даму мүддесін қамтамасыз етуге күш салды. Сонымен бірге, осы жоба арқылы аймақтағы елдермен экономикалық байланысты тереңдетуге де тырысты. Үндістан да осыған ұқсас жолды таңдауы мүмкін. ХОСКД-ін бір жағынан Еуропа сынды ірі нарыққа кіретін төте бағытты қамтамасыз етумен бірге, аймақ елдерімен қарым-қатынасты тереңдетуге де осы құралды қолданады. Бұл дегеніміз, аймақтан өтетін екі экономикалық дәліздің негізгі авторлары арасында үлкен бәсеке жүретінін көрсетеді. Бұл бәсеке өңірде сауда экономикалық жолдардың қызу таласы болғанымен, шындығында осы үрдістің астында Азияда көтеріліп шыққан екі ірі күштің бәсекесі жатыр. Бастапқы б о л ж а м д а р ғ а негізделсек, бұл жағдай аймақ елдеріне дамуың жаңа мүмкіндіктерін жарыса ұсынуы мүмкін. Бәсекелестік әсіресе, аймақ елдерінің көлік-логистикасы мен индустрияландыру бағыттарына зор мүмкіндік алып келеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

G20 САММИТИ: ӘЛЕМДІК ТӘРТІП ӨЗГЕРМЕЙДІ

Келесі апта бүкіл әлем назары Нью-Делиге аумақ. Себебі, Үндістан маңызды іс-шара ұйымдастырады. 9-10 қыркүйекте Делиде G20 саммиті өтеді. Әлемнің назарын аударғатындай іс-шара өтетін сияқты. Себебі, батыс басылымдары бірнеше күннен бері Си Цзинпинь қатыспайтынын жазуда. Оның орнына елдің премьер-министрі Ли Цян баратын сыңайлы. Басты себеп ретінде Бейжің мен Дели арасындағы араздық айтылуда. Десе де, АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынастың сууы басты себеп болып отыр.

Батыс әлемінің үстемдігі

«Үлкен жиырмалық» деп аталатын клуб құрамына дамыған және дамушы 20 мемлекет кіреді. Елдің дамыған не дамушы екені оның экономикалық қуатына байланысты. Биыл саммит 18-рет өтеді. Оны құру туралы алғашқы бастама 1990 жылдары ұсынылған. Оған Азиядағы қаржы-экономикалық дағдарыс себеп болды. Алайда, ресми саммиттер тек 2005 жылдан басталды. Бұған да 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс себеп болып отыр. Бұдан шығатын басты қорытынды әлемдік алпауыт елдер дағдарысқа бірлесе тосқауыл қою үшін біріккен. Дегенмен, дағдарысқа осы елдердің сыртқы саясаты да себеп болуы мүмкін. Мейлі ол саяси, экономикалық және өзге де салалар болсын.

Жалпы, клуб құрылғаннан бері онда Батыс елдері ықпалды. Себебі, оның негізгі тірегі G7 деп аталатын дамыған мемлекеттер. Оларға АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Жапония, Канада елдері кіреді. Бұл клубта тек экономикалық басымдық ғана емес, саяси да үстемдік бар. Себебі, АҚШ, Ұлыбритания мен Францияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі. Кез келген мәселе бойынша резолюция ұсынуға және өзге елден түскен резолюцияға veto қою құқығы бар. Вето – заңды қабылдамай қою құқығы. Әсіресе, Вашингтон саяси, экономикалық тұрғыдан ықпалды.

Аталмыш клубқа мүше елдердің тіпті БҰҰ деңгейінде де сөзі өтеді. Оны анықтаудың басқа да жолы бар. Саяси ықпал тек Қауіпсіздік Кеңесімен ғана өлшенбейді. Кез келген ұйым, мемлекет, тіпті бүкіләлемдік бірлестік болсын, БҰҰ жұмыс



МЕМЛЕКЕТТЕР	БҰҰ-ға жарна (2022ж.)
АҚШ	\$ 693417088 (22 %)
Қытай	\$ 480 790 194 (15,3 %)
Жапония	\$ 253 191 794 (8 %)
Германия	\$ 192 612 355 (6 %)
Ұлыбритания	\$ 137 895 443 (4,3 %)
Франция	\$ 136 098 863 (4,3 %)
Италия	\$ 100 513 959 (3,2 %)
Канада	\$ 82 831 823 (2,6 %)
Оңтүстік Корея	\$ 81 129 799 (2,5 %)
Испания	\$ 67 261 457 (2 %)

істеуі үшін қаржы қажет. АҚШ БҰҰ-ның жұмысын қаржыландыру бойынша біріншілікті берер емес. Мысалы, өткен жылы 693 млн-нан астам АҚШ долларын жарна ретінде төледі. Бұл бүкіл бюджеттің 22%-ы деген сөз. Келесі орында 480 млн-мен Қытай тұр. Ал Жапония үштікті аяқтаған. Токио БҰҰ қазынасына 253 млн АҚШ долларын бөлген.

Саяси тәртіп өзгермейді

Газеттің 102-санында BRICS саммиті жайлы жазып едік. Сонда Ресей, Қытай, Бразилия, Үндістан мен Оңтүстік Африка Республикасы әлемдік тәртіпті өзгертуге тырысады деген қорытындыға келгенбіз. Себебі, соңғы уақытта G20-да ішкі тартыс күшейді. Мәскеу мен Бейжің саяси мінез көрсете бастады. Ресейдің батыс әлемімен арақатынасы 2000 жылдары басталса, Бейжіңде бастысы экономикалық мүдде. АҚШ пен Қытай арасындағы экономикалық текетірес әсіресе, Дональд Трамп президент болған тұста өршеленді. Ал өткен жылғы Еуразиядағы геосаяси жағдайдың нашарлауы экономикалық бәсекені одан сайын өршелендіруде. Тіпті, саяси бәсекелестік белгілері де байқалуда.

Алдағы G20 саммитіне Қытай мен Ресей дайындықпен келді. Олардың басты тұғыры BRICS болып отыр. Биылғы Йоханнесбургте өткен саммитте ұйым құрамы толысатыны туралы шешім қабылданды. Келесі жылдан бастап 6 ел толық мүшеге айналады. Олардың ішінде Аргентина мен Сауд Арабиясы G20 мүшелері. Осылайша жәймен G20 клубында ішкі бөлініс пайда болмақ. Алайда, биылғы саммит нәтижесінде жақын болашақта әлемдегі саяси тәртіптің өзгеретініне күмән бар. Себебі, әлі күнге дейін Батыс елдерінің басымдығы аспан мен жердей.

Оның үстіне АҚШ пен Бейжің арасындағы бәсеке ары қарай да жалғасын табуы мүмкін. Себебі, келесі жылы 5 қарашада АҚШ-да президент сайлауы өтеді. Жылдың басынан бері онда саяси бәйге қыза түсті. Республика партиясынан басты үміткер ретінде Д.Трамп аталуда. Ал ол Қытаймен бәсеке риторикасын қолданатыны сөзсіз. Себебі, сыртқы жау сайлауда жеңіске жетудің басты жолы. Оған қоса, Ресейді де сыртқы жау ретінде көрсетеді. Республикалықтардың алғашқы дебаты да осыны көрсетті. 23 тамызда партиядан үміткерлер саяси дебат өткізді. Онда Д.Трамп қатыспады. Соның өзінде үміткерлердің басым бөлігі Қытай және Ресей тақырыптарын қозғады. Соған қарағанда АҚШ-ның осы екі елмен бәсекесі негізгі тақырыпқа айналуы мүмкін. Бұл талқыда Демократтардың да қалыс қалмайтыны сөзсіз. Олардың да саяси риторикасы ұқсас болатын сыңайлы. Бұл алдағы уақытта Вашингтонның ғана емес, батыс өркениетінің де үстемдікті бермеуге тырысатынын көрсетеді.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



КӨРМЕ

ТАЛАЙДЫ ТАҢҚАЛДЫРАР
ТУЫНДЫЛАР

жасап жүрген суретшінің өнерін тамашалағыңыз келсе, көрмеге келіңіз!

Алматыдағы ҚР Суретшілер одағының «Ұлар» көркемсурет галереясында мүсінші және суретші Жарқынбай Қожрахметовтың жеке көрмесі өтіп жатыр.



Қазақта темірден түйін түйіп, ағаштан ою ойған шеберлер аз емес. Солардың бірі, талдықорғандық – Жарқынбай Қожрахметов. Өнер иесі қолына түскен шикізатты кәдеге жаратпай қоймайды. Бір ғана қолымен кез келген нәрседен шедевр жасай алатын шебер сонысымен ерекше.

– Жас кезімде идея көп, түрлі картиналар салып, болашақта жазатын туындыларымның эскиздерін ғана жасайтынмын. Ал қазір егде тарттық. Енді соларды жүзеге асырудың уақыты келді, – дейді ол әңгіме барысында.

Жарқынбай Қожрахметов зейнеткерлікке шыққаннан кейін арманын жүзеге асырады. Ақтөбеден Талдықорған қала-

сына көшіп келіп, шеберханасын ашып, сол жерде Алматыдағы алғашқы жеке көрмесінде ұсынған туындыларын жасайды. Шебердің қимылы ширақ, өте тез қимылдайды. Айтуынша, бір туындыны жасау үшін бір-екі, ары кетсе үш күн ғана уақыт кететін көрінеді.

– Қандай да бір туынды жасау

үшін шабыт керек. Тастар, түрлі ағаштың түрлері – бұл табиғаттың таңғажайып кереметтері. Мен олардың алдында әрдайым тағзым етемін, – дейді шебер.

Көрмеде сіз асқан шеберлікпен жасалған мүсіндерді ғана емес, сонымен қатар суретшінің салған суреттерін де көре аласыз. Мұның бәрі Жарқынбай Қожрах-

метовтың жан-жақты таланты көрсетеді дейді сарапшылар.

– Көркем композициялар мен графикалық эскиздер, ағаш мүсіндер, тас және металл – керемет пластикамен және композиция сезімімен ерекшеленетін көптеген эксперименттер, ландшафт жазықтықтарына орналастыруға дайын Ұлттық дизайн элементтері... Мұның бәрі ұлттық, халықтық және заманауи үрдістердің үйлесімі. Менің ойымша, бұл туындылардың көпшілігі еліміздің кез келген қаласының алаңдары мен саябақтарын безендіре алады, –

дейді «Ұлар» галереясының директоры Юрий Маркович.

Жарқынбай Қожрахметовтың қолынан шыққан мүсіндерді Ақтөбедегі сауда үйлерінің бірінен, сондай-ақ Талдықорғанның өлкетану мұражайы мен мейрамханаларынан көруге болады. Оның туындылары жергілікті коллекционерлердің жеке жинақтарында да сақталған.

«Ұлар» галереясында өтіп жатқан Жарқынбай Қожрахметовтың көрмесін алматылықтар 15 қыркүйекке дейін тамашалай алады.



ЖӨН ЕКЕН!

КІТАП – РУХАНИ
ҚАЗЫНА

Алматыда екі кітапхана тәулік бойы жұмыс істейтін болады



1 қыркүйектен бастап Алматы қаласының Орталықтан-дырылған кітапхана жүйесінің екі филиалы тәулік бойы жұмыс істейтін болады.

2023 жылғы 17 маусымда Түркістанда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» Ұлттық құрылтайының екінші отырысы барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 24/7 (тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн) режимде жұмыс істейтін кітапхана құру идеясын айтты.

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы қала әкімдігінің қолдауымен Алматы Кітапханаларымен бірлесіп «Alatau Creative Hub» орталығы мен

Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханаларының базасын ашу туралы бастама көтерді.

Тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхананың жаңа жұмысы алматылықтарға берілген ыңғайлылық пен ресурстарды кез келген уақытта пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл сонымен қатар шығармашылықты ынталандыруға және әртүрлі актерлар арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетуге ықпал етеді.

Естеріңізге сала кетейік, өз кезегінде «Alatau Creative Hub» қалада таланттар мен креативті индустрияларды дамыту үшін қолайлы орта құру мақсатында «Шексіз қала» стратегиясын іске асыру аясында ашылды. Орталық барлық тілек білдірушілердің жан-жақты дамуы үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Мұнда оқырман әдебиеттің бай ассортименті бар кітап бұрыштарымен танысып, бағдарламалауды меңгере алады, өнер мен шығармашылық саласындағы дағдыларын дамыта алады.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

МАХАББАТ МҰНАРАСЫ – «ЕҢЛІК – КЕБЕК»

М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрында 6 қыркүйек күні «Еңлік – Кебек» трагедиясы сахналанады.

Қазақ кәсіби театрының шаңырағында бұл туынды бірнеше мәрте қойылған. Қойылым оқиғаларының негізгі желісі Еңлік пен Кебектің махаббаты аясында өрбиді.

Басталуы: сағат 18.30.



«ҚҰЙЫН» ДРАМАСЫН КӨРІҢІЗДЕР!

М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрында 8, 15, 26 қыркүйек күндері «Құйын» драмасының премьерасы өтеді.

Үш сағатқа созылатын қойылым тарих диірмені үңгісінде сұраусыз кетпес үшін әрекеттенген елдің тарихын суреттейді. Спектакльде ғасырлар бойы өктемдік көрген ұлттың ұсақтану процесі баяндалады. Замана иілеуінде шаң-тозаңға айналып, құйын болып ұшып кетпеуге ұмтылған халықтың өмірі көрініс табады.

Көркемдік жетекшісі, ҚСРО халық әртісі – Асанәлі Әшімов. Авторлық жұмыстың қоюшы-режиссері – Әлібек Өмірбекұлы.



Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

ҚАЛА КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Алматының туған күнін жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде атап өтеді. Биылғы мереке 17 қыркүйекке түсіп тұр. Бірақ мерекелік іс-шаралар қыркүйектің соңына дейін созылады. Қала тұрғындары мен қонақтарын фестивальдар, концерттер, жәрмеңкелер және басқа да көптеген маңызды мәдени шара күтіп тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев айтты.



Биыл алматылықтардың сүйікті Artbat Fest-ы қайта жанданады. Қала заманауи қазақстандық суретшілер жасаған мультифункционалды smart нысандарымен безендіріледі. «Жыл сайынғы «Kitar Fest» кітаптар фестивалі биыл да өтеді. Мәдени іс-шаралардан Kitar Fest республикалық зияткерлік платформаға айналды. Айта кетейік, былтырғы іс-шараға 20 мыңнан астам адам, 85 кітап дүкені қатысты», – деді Ғ.Майлыбаев.

Сондай-ақ, «Көк-Төбе Опера» классикалық музыка фестивалі, алматылықтар жыл сайын күтетін «Алматым жүрегімде» ән байқауы өтеді. Ethnotronica Almaty электронды музыка фестивалінде қаланың басты open-air-сахнасында үздік этно-орындаушылар электрондық музыка орындаушыларымен өнер көрсетеді. Эксклюзивті үш сағаттық шоуы Венгрия, Грузия, Өзбекстан, Тыва, Таулы Шория және Қазақстанның үздік топтары мен солистері көрсетеді.

Ең маңызды іс-шаралардың бірі – Apple Fest. Іс-шара 16-17 қыркүйек аралығында Тұңғыш Президент саябағында өтеді. Бұл күндері демалыс саябағы «Алма» саябағына айналады.

«Өткен жылы Apple Fest-тегі әйгілі Алма базары, қалалық дәм жәрмеңкесі және Алматы саябағының басқа да алаңдары, соның ішінде спорттық және концерттік бағдарламаларға 100 мыңға жуық алматылық пен оңтүстік астана қонақтары барған болатын, биыл ұйымдастырушылар Алматыны алма өлкесі ретінде жаңғыртуға арналған заманауи мега-ивент өтетінін айтуда. Облыстық шаруашылықтар сататын алма саны да артады. Былтыр жәрмеңкеге 100 тонна алма

қойылса, биыл 127 тонна алма қойылады. Сондай-ақ, Apple Fest-те қаланың дамуына үлес қосқан алматылықтар марапатталады», – деп бөлісті басқарма басшысы.

Бір мезгілде Алматының 8 ауданында және Панфилов пен Жібек жолы жаяу жүргіншілер көшелерінде «Туған күніңмен, Алматым!» атауымен шаралар өтеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мереке қала тұрғындарына өткен 1980–1990 ж.ж. сезінетіндей атмосфера сыйлайды.

Қаладағы барлық локацияға автобус қатынайтын болады. Қоғамдық көліктер жұмыс кестесін сағат 00.00-ге дейін өзгертеді. Кешке қала тұрғындары «Астана» алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Алматы кавер шоу» шығармашылық және ойын-сауық іс-шарасын және Абай алаңында «Сағындым Алматы» музыкалық фестивалін тамашалай алады.

«Соңғы іс-шара – «Shaisheik Food Fest» болмақ. Ол оңтүстік астананың тұрғындары мен қонақтарына арналған ерекше мереке. Отбасылық құндылықтарды нығайтуға, ұлттық дәстүрлерді қолдауға, қазақстандықтардың достығы мен ұлтаралық келісімін нығайтуға ықпал етеді», – деп қорытындылады Ғ.Майлыбаев.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Этнофестиваль өтеді

Алматы күні қарсаңында жыл сайынғы «Ұлы дала-көшпенділер әлемі» этнофестивалі өтеді. Фестиваль 2-3 қыркүйекте «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағында өтеді. Қала күніне орайластырылған фестиваль «Алматы–Шанхай ынтымақтастық ұйымының мәдени және туристік астанасы» жобасы аясында өтеді.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде сөйлеген сөзінде қала тұрғындары мен қонақтарын Қала күнін мерекелеудің ауқымды бағдарламасы күтіп тұрғанын атап өтті.

Мажарстан (Венгрия), Малайзия, Башқұртстан, Дағыстан, Таулы Алтай, Өзбекстан, Бурятия, Қырғызстан сияқты

10-ға жуық елдің қатысушылары этнофестивальге қатысуды жоспарлап отыр. Фестиваль бағдарламасында көшпелі халықтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары, мәдени мұралары ұсынылады. Сондай-ақ, шетелдік және қазақстандық шабандоздар ат үстінде өнер көрсетеді. Үздік этномузыканттардың әндері, көлөнершілердің шеберлік сабақтары көрсетіледі.

«Фестивальде ең мықты этномузыканттар мен спортшылар, аңшы құстары бар аңшылар мен қолданбалы өнер шеберлері өз өнерлерін көрсетеді. Этно-мәдени фестивальдің негізгі мақсаты – көшпелі халықтардың ежелгі тарихын жаңғырту», – деді Ғ.Майлыбаев.

Этнофестиваль көрермендері көшпелі халықтардың дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мәдениеті мен музыкасы туралы ақпарат ала алады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ФЕСТИВАЛЬҒА КЕЛІҢІЗДЕР!

Этнофестивальге кіру – тегін.

Басталуы: сағат 10.00-де.

Сағат 9.00 бен 18.00 аралығында «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағына қала ішінен арнайы автобустар жүреді. Орталық стадион, «1-Алматы вокзалы», «Н.Сац атындағы балалар мен жасөспірімдер театры» және «Алатау» дәстүрлі өнер театры маңынан автобустар қатынайды.



Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

Алматы қаласындағы барлық білім мекемелерінің ауласы оқушылардың күміс күлкісіне толып, алғашқы қоңырау соғылды. Осынау сәулелі сәтте қаламыздың білім жүйесінің қатары тағы бір жаңа мекемемен толығып, Түркісіб ауданындағы «Қайрат» ықшамауданында жаңадан №211 мектеп-гимназия ашылды. Жаңа мектептің ашылу салтанатына қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева, Түркісіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров қатысты.

Күн санап қанатын кеңге жайып келе жатқан «Қайрат» ықшамауданы тұрғындары үшін Білім күні мерекесі аса ерекше оқиғамен басталып отыр. Ықшамаудан тұрғындарының дені мемлекеттік бағдарламамен баспаналы болып қуанып жатса, енді міне, 1500 оқушыға арналған жаңа №211 мектеп-гимназия ашылып отыр. Осынау жаңа мектептің ашылып жатқанына әсіресе жас отбасылардың қуанышы тым ерекше болды. Қазірдің өзінде оқушы саны 1500-ден де асып кетті. Тек бірінші сыныпқа келген балалардың саны 285-ке жетіп, 12 бірдей бірінші сынып ашылды. Салтанатты жиын жайлы орта қалыптастырғаны үшін қала басшылығына алғыс айтқан аналардың ақ батасымен басталды.

Заманауи талапқа сай салынған оқу ғимараты 6 блоктан тұрады. Мектепте сыртқы спорт алаңы мен ойын алаңдары бар. Сондай-ақ, жаңа мектеп ғимаратының А блогы бастауыш, Б блогы 5–8 сынып, В блогы 9–11-сыныптарға арналған. Мектепте 72 оқу кабинеті, жаңа талапқа сай кең де жарық асхана мен спорт залы, медиатека мен кітапхана бар. Мектеп асханасынан бір мезетте 280 оқушы тамақтануына мүмкіндік жасалған.

Жаңа мектептің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, оқу кабинеттері интерактивті панель, SMART такта, басқа да заманауи модификациядағы жиһаздармен жабдықталған. Оқу кабинеттеріне панорамалық әйнектер қойылып,



Суреттерді түсірген Сәбит Құсайын

БІЛІМ КҮНІНЕ ТАРТУ

дәліздер мен кабинеттер кең әрі жарық эргономикалық интерьермен ерекшеленіп тұр. Жаңа мектеп мемлекеттік тілде, 57 сынып топтамасы бар.

Жаңа мектептің жаңашылдығы мұнымен де бітпей, білім берудің жаратылыстану-математикалық және ағылшын тілін тереңдету бағыты бойынша жұмыс істейді. Мектеп ұжымы мен оның басшысы Айжан Қасымованың алға қойып отырған мақсаты – шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

– Мектептегі биология, химия, физика пәндері үшін 4 кабинеттен және практикалық жұмыстарға арналған зертханалар бар. Олардың барлығы қажетті көрнекі құралдармен толығымен жабдықталған. Мәселен, ұл балалардың келешекте бір мамандықты игеруіне ықпал ететін ағаш өңдейтін станокпен жабдықталған ағаш шеберханасы, металл өңдейтін станокпен жабдықталған металл шеберханасы, саз балшықпен және керамика өңдеу дөңгелектері бар. Сондай-ақ, технология кабинеттері қыз балалардың

киім тігу, пішу сияқты өмірдегі қажеттіліктерін үйренуіне мүмкіндік жасайды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында қаламызда бой көтеретін 22 мектептің 4-еуі осы Түркісіб ауданында бой көтеретін болады. Қаламызда әлі де 27500 оқушы орны тапшы, – деді Ләззат Әуезханқызы.

Жаңа мектепте спорттық бұйымдармен толық жабдықталған 1 спортзал бар. Спортзал Soundес дыбыс оқшаулағыш панельдерімен көмкеріліп, мәжіліс залына трансформаланған. Sonaspray төбелік

тозаңдатқышы қосылып, жұмыс жасайтын болады.

Қаламыздағы өзге мектептер сияқты №211 мектеп-гимназиясына да Face ID заманауи қауіпсіздік жүйесі орнатылған. Мектеп атаналары балаларының ғимаратқа кіріп-шыққаны туралы хабарламаларды дер кезінде алып отырады.

Жаңа мектептің тағы бір тиімді тұсы қаламыздағы оқушы орнының тапшылығын азайтып қана қоймай, «Жас қанат» ықшамауданындағы №198 жалпы білім беретін мектептегі орын тапшылығының түйінін шешіп отыр.



ҚОЛДАУ

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ ӨСТІ

Жоғары оқу орындары мен колледждерде оқитын 115 мыңнан астам студент жоғары стипендия алады

Еліміз бойынша 1 қыркүйектен бастап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау барысында ай сайынғы мемлекеттік стипендиялардың мөлшері ұлғайып, Үкіметтің тиісті қаулысына ҚР Премьер-министрі Әліхан Смайылов қол қойды.



Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша 35 ЖОО мен 85 колледж бар.

Жоғары оқу орнында білім алып жатқан 191 мыңға жуық студенттің 95 мыңға жуығы жоғары стипендия алатын болып отыр. Қалған 96 мың студент ақылы бөлімде оқиды. Сондай-ақ, колледждерде оқып жатқан 20 303 оқушы да жоғары стипендияны алатын болды.

Үкіметтің баспасөз қызметінің мәліметінше, бакалавриат студенттерінің шәкірт-ақысы – 20%-ға, магистратура – докто-

рантура оқитындарға – 15%-ға, ТЖКБ студенттеріне – 50%-ға артып отыр. Мәселен, докторанттар («Денсаулық сақтау» бағыты бойынша) – 217 500 теңге, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттарға – 111 579 теңге, магистранттарға – 97 024 теңге, интерндерге – 75 890 теңге болады. Сонымен қатар, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында даярлаудың педагогикалық бағыттары бойынша және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша оқитын студенттерге – 67 200 теңге; жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, «Денсаулық сақтау» бағытындағы педагогикалық дайындық бағыттары бойынша оқитын студенттерді қоспағанда – 41 898 теңге. Бұған қоса, жұмыс біліктілігі бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге – 32 681 теңге; техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге орта білімнен кейінгі білім беру – 31 422 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді.

ЖИЫН

Іргесі сонау 1937 жылы қаланған №15 гимназияға биыл 85 жыл толып отыр. Жаңа оқу жылында мектеп күрделі жөндеуден кейін пайдалануға берілді. Төрт қабырғасы ғана қалған ғимаратқа ұзақ уақыт күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін ең алдымен ғимараттың сейсмикалық төзімділігі нығайтылды. Бүкіл инженерлік желілер, кәріз құбырлары жаңартылды. Іші де, сырты да жаңарып, жаңғырған мектептің еденінен шатырына дейін жөнделді. Осылайша ғимарат жаңа мектептен еш кем болмай тұр. Аталмыш мектептің Білім күніне арналған салтанатты жиынына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысты.

МЕКТЕПТІҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ АШЫЛДЫ



– Қаламыздың барлық мектептерінде алғашқы қоңырау соғылып, жаңа оқу жылы басталды. Оқу жылын барлықтарыңыз ерекше тосып, жазғы демалыстан кейін тың шабытпен бастағалы отырсыздар. Сіздер жаңа оқу жылын заманауи жабдықтармен, барлық құрылғымен қамтылған жаңа мектепте қарсы алып жатырсыздар. Сіздердің жүздеріңіздегі қуанышты көріп, мен де қуанып тұрмын. Сіздер білім алып жатқан мектеп – қаламыздағы ең таңдаулы білім ошақтарының бірі. Бүгінде осы мектепті бітірген

мыңдаған түлек еліміздің дамуына өз үлестерін қосып жүр. Шәкірттері жоғары оқу орындарында білім алып, мықты маманға айналса, ол ең алдымен ұстаздардың еңбегі. Биыл мектеп табалдырығын тұңғыш рет 30 мыңнан астам оқушы аттаса, олардың 161-і осы мектепте оқитын болады. Барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады. Жаңа оқу жылы да табысты жыл болады деп сенемін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



РЕЙД

ЖАТАҚХАНАЛАР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласында жастарды оқыту, жұмысқа орналастыру және әлеуметтендіру үшін бірегей жағдайлар жасалып, жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Дәл қазір Алматы қаласында 14 пен 35 жас аралығындағы 682 мыңнан астам жастар тұрып жатыр. Бұл тұрғындардың жалпы санының 32%-ы, яғни оның 47,8 мыңы – NEET-жастар. Осы ретте қала басшылығы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында 2023 жылдың соңына дейін 8 жастар комунити-орталығын іске қосуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, 2025 жылдың соңына дейін мұндай орталықтар саны 16-ға жететін болады.

Өз кезегінде қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев келешекте комунити-орталықтар жастарды қызықтыратын орынға айналып, NEET санатымен жұмыстың жаңа деңгейге шығатынын, олардың жеке есебін жүргізуге мүмкіндік беретінін айтты. Аталмыш орталық қала жастарының ең сүйікті орнына айналары сөзсіз. Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі шеңберінде әзірленген комунити-орталықтардың тұжырымдамасы орталықтардың білім беру, іс-шаралар, мәдени және психологиялық бағдарламалары есебінен жастарды мүдделер мен әлеуметтік-мәдени бағдарламалау бойынша біріктіру болып табылады.

– «NEET-жастармен жұмыс істеудегі маңызды мәселелердің бірі – инфра-



Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев құрамында БАҚ өкілдері бар жұмыс тобымен қаламыздағы оқу орындарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, бой көтеріп жатқан жатақханалардың жұмысымен танысты. Жұмыс сапары барысында Жетісу ауданындағы «Жастар комунити-орталығының» жөндеу жұмыстарымен, Қазақстан–Британ техникалық университетінің жаңа жатақханасының құрылысымен, «Өзекті кәсіптерді қысқа мерзімді оқыту» орталығының жұмысымен танысты. Осыдан кейін қала әкімінің орынбасары Алматы Технологиялық университеті жатақханасының ашылу салтанатына қатысты.



құрылымның толық болмауы. Мәселен, белсенді жастармен жұмыс білім беру мекемелерінде немесе жұмыспен қамту орындарында жүргізілсе, онда NEET санаты азайған болар еді. Сондықтан біз жастардың осы санатына ерекше назар аударамыз», – деп атап өтті Арман Қырықбаев.

Құрылысы салынып жатқан комунити-орталықта TikTok-аймақтар, медиа кеңістік, үйірмелер, әртүрлі мәселелер бойынша жастарға кеңес беретін орталықтар, Ореп спрсе аймақтар, сондай-ақ психолог және заңгер кабинеттері, келіссөздер алаңы, дәріс пен семинарлар өткізуге арналған бөлме, қазақ тілін оқыту

және IT-сынып орналасатын аймақтар болады. Коммуналдық орталықтардың жалпы ауданы 300–500 шаршы метрді құрайды.

Осыдан кейін қала әкімінің орынбасары ҚБТУ-дың жаңадан бой көтеріп жатқан жатақхана құрылысымен танысты. Салынып жатқан жатақхана 980 орынға арналған. Құрылысты жүргізіп жатқан мердігер компания өкілінің айтуынша, жатақхананы пайдалануға беру мерзімі кестеге сәйкес, 2023 жылдың желтоқсан айының соңына жоспарланған.

– Біздің басты мақсатымыз – студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын 2025 жылға қарай 12 мыңға, ал 2030 жылы тағы 20 мың орынға дейін азайту. Бүгінде қаламыздағы 95 жатақханада 31 мыңнан астам студент тұрады. Өлі де 32 мыңнан астам орын жетіспейді. Қала көлемінде жатақханаларды салу барысындағы жұмыстарды тиімді үйлестіру үшін наурыз айында әкімдік пен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, жатақханаларды салу жөніндегі жобалық кеңсені іске қосқан едік. Жобалық кеңсеге 100-ден астам инвестор жүгініп, серіктес болуға ниет танытты, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жалпы, «Алматының Даму бағдарлама-

сының» Жол картасы аясында ағымдағы жылы 2 мың орынға арналған жатақханалар салу жоспарланған. Бүгінгі таңда 42 жоба іске асып, оның 28-і жаңа жатақханалар салуды, 14-і жатақханалар ретінде жұмыс істеп тұрған нысандарды қайта жаңарт-пакшы. Сонымен қатар, 67 инвестордың жобалары бойынша жер телімдері қарастырылуда. Жыл соңына дейін 3939 төсек-орынға арналған 16 нысан пайдалануға беріліп, оқу жылының басында 1550 төсек-орынға арналған 6 нысан қайта жаңарту жолымен іске қосылатын болады. Сәтін салса, осы жұмыстар есебінен межелі жоспар 2 еседен асып түседі.

Атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар үшін Қазақстан–Британ техникалық университеті мен Алматы Технологиялық университеті ректоры жатақхана құрылысына қатысты кез келген мәселелер бойынша жүгінуге болатын «Жобалық кеңсенің» жұмысы үшін алғыс білдірді.

Қаламыздағы Халықаралық білім беру корпорациясының 1-қабатында орналасқан «Өзекті кәсіптерге қысқа мерзімді оқыту орталығы» еңбек нарығында сұранысқа ие салаларда білім алуға ғана емес, сонымен қатар қарқынды бағдарламалар арқылы практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін бірегей платформаны ұсынып отыр. ЖОО-лар – теориялық базаны, колледждер –зертханалық базаны, ал білім алушыны тағылымдамадан өткізетін менторлар – қаладағы компанияларды ұсынады. Нәтижесінде жастар мамандық пен сертификат алып шығады.

Бүгінгі таңда орталықта 20-дан астам «Графикалық дизайн, SMM, мобилография, кондитерлік курстар, бариста курстары, маркетинг, сағу, call-орталық операторлары, гидтер-экскурсоводтар» және басқа да қысқа мерзімді курстарда 4 мыңға жуық жас оқып, білім алады.

Курстар туралы ақпарат алып, тіркеу порталы қолжетімді. Кез келген жас «Jasalmaty.kz» «jobfair365» жұмыспен қамту платформасымен қажетті ақпарат алуына болады. Платформаның ерекшелігі – ақысыз, әрі жұмыс тауып қана қоймай, сонымен қатар сертификат алу арқылы қысқа мерзімді курстардан өтуге болады. Бұл өз кезегінде жұмысқа орналасу мен оқу процесін едәуір жеңілдетеді. Қазіргі уақытта аталмыш сайтта 3,7 мың бос жұмыс орны және 1,5 мың жұмыс беруші тіркелді. Жалпы, 2023 жылдың басынан бері қала әкімдігі 14 мың жасты жұмысқа орналастырды. Бұл шаралар NEET-жастардың үлесін I тоқсандағы 8,3%-дан (53,8 мың) а.ж. II тоқсандағы 7,4%-ға (47,8 мың) дейін азаюына мүмкіндік беріп отыр.

Арнайы жұмыс тобының сапары Алматы Технологиялық университетінің жаңа жатақханасының ашылуымен аяқталды. Айтулы оқу ордасының балансында 1,9 мың төсек-орынға арналған 4 жатақхана болса, олардың қатарына тағы 400 адамға арналған жаңа жатақхана қосылып отыр. Жатақхана барлық талапқа сай. Студенттердің жайлы өмірі үшін барлық жағдай жасалған. Мәселен, компьютерлік сыныптар, демалыс бөлмелері, Wi-Fi-ға шектеусіз қол жеткізу және коворкинг-орталықтар қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Сондай-ақ, жатақханада жастардың қауіпсіздігі үшін бейнебақылау мен өрт қауіпсіздігі жүйелері орнатылған.





ӘКІМ

АУДАНДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті. Мегаполис басшысы жиында алдымен ауданда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып, қол жеткізген жетістіктер мен алдағы мақсат-міндеттерді айтты. Одан кейін тұрғындардың сауалына жауап берді. Кездесуге шамамен 250-ден астам адам қатысты.

Бұл қала әкімі Ерболат Досаевтың Алмалы ауданының тұрғындарымен ағымдағы жылғы үшінші кездесуі. Шаһар басшысы өз баяндамасында Алмалы ауданы Алматының тарихи орталығы ғана емес, сонымен қатар сүйікті қаламыздың визит карточкасы екенін айта келіп, алмалылықтардың айтқан барлық мәселелері мен ұсыныстарын ерекше бақылауда ұстайтынын айтты.

Қала әкімінің айтуынша, өткен кездесулердің қорытындысы бойынша көтерген мәселелердің 96%-ы (186-ның 179-ы орындалды) орындалған, ал қалғандары жұмыс барысында және міндетті түрде аяғына дейін атқарылады.

Электрмен жабдықтау желілерінде авариялардың жиі орын алуы аудан тұрғындарын алаңдататын негізгі мәселелердің бірі болып тұр. Осы жылдың басынан бері ауданда 215 апатты жағдай тіркелді (2022 жылдың ұқсас кезеңінде – 224). Бүгінгі күні электр желілерінің 81%-ы тозған. Осы мәселені шешу үшін жылдың басынан бері «Алатау Жарық Компаниясы» 17 подстанцияны модернизациялау және 41,5 км тозған электр кабель желілерін ауыстыру жұмыстарын жүргізді. Қыркүйек айының соңына дейін 4 подстанцияны реконструкциялап, тағы 8,5 км электр желісін модернизациялау жоспарлануда.

Шамамен 9 км электр желілері бәріміздің сүйікті Арбатымыз (Сейфуллин даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін) арқылы «Жібек жолы» жаяу жүргіншілер көшесінің бойынан өтеді. Бүгінгі күні 9 км-дің 7,2 км-не кабель төсеу аяқталып, Абылай хан мен Панфилов көшелерінің арасындағы учаскеде төселген брусчаткалар қалпына келтірілуде. 17 қыркүйекке дейінгі мерзімде Панфилов пен Назарбаев көшелерінің арасындағы (1,8 км) соңғы учаске толығымен аяқталады.

Қала әкімінің айтуынша, бұл жерде брусчаткалар туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Арбаттағы брусчаткалар қанағаттанарлық жағдайда, кабель желілерді салынғаннан кейін қалпына келтірілетін болады.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар Алмалы ауданындағы электр желілерінің жұмысын тұрақтандырып қана қоймай, резервтік қуаттылықты 6-дан 10 кВт-қа дейін арттырады.

Шаһар басшысының айтуынша, Алмалы ауданында 1 тамыздан бастап аудан әкімдігі «АлматыҚалаЖарық» АҚ-мен көше жарығына қызмет көрсету бойынша келісім-шарт жасалған. Қазіргі уақытта тұрғындардың 50-ден астам өтініші орындалған.

«Бұған дейін тұрғындарда көше жарығының қазіргі жағдайы көптеген сұрақтар туындайтын. Жиі үзілістер, келіп түскен өтінімдерді орындаудың қанағаттанарлықсыздығы орын алды. Атап айтқанда, Алмалы ауданы бойынша күту уақыты 2 айға дейін болды, ал қызмет көрсету ұйымы тек 1 апатты бригаданы жұмылдырды. Қазіргі уақытта жағдай жақсаруда: 7 бригаданың түліктік шығын қамтамасыз етіліп, өтінімдерді орындау уақыты 5 күнге дейін қысқарды. Төле би, Гоголь, Абай көшелерінде жарықтандыруды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде», – деді әкім.

Алмалы ауданындағы су құбыры желілерінде Чайковский және Мақатаев көшелерінің аула ішіндегі аумақтарында 1,5 км желі қайта жаңғыртылып, Бруно, Рахманинов, 2-ші Қастек және Моңғол көшелерінде 2 шақырым көріз желілері салынды.

Бүгінде аудандағы 3,5 шақырым су құбыры және 1,2 шақырым жылу желілері жаңарып, Есентай және Қожамқұлов көшелерінде жалпы ұзындығы 800 м көріз құрылысы жалғасуда.

«Сонымен қатар, «Панорама» ТК-де және Айтиев көшесіндегі 12 үйде көріз және су құбырының сорғы станцияларын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде, ол үшін менің шешіміммен аудан әкімдігіне резервтен 353 млн теңге бөлінді. Бұл жұмыстардың барлығы Алмалы ауданының 90 мыңнан астам тұрғыны үшін коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартады», – деді қала басшысы.

БЕС МЕКТЕП ЖӨНДЕЛІП, КЕНЕЙТІЛЕДІ

Алмалы ауданындағы оқушы орындарының тапшылығы жағдайы (жалпы контингенті 37 мың оқушы болғанда, 1028 орын тапшы) қаланың басқа аудандарымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы. Осыған қарамастан тапшылықты одан әрі азайту үшін мектептер мен қосымша ғимараттар салу бойынша жоспарлы

жұмыс іске асырылуда деп атап өтті әкім Ерболат Досаев халықпен кездесуде.

Мәселен, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алмалы ауданында Райымбек даңғылы Әуезов көшесі қиылысында 2024 жылдың IV тоқсанында 1,5 мың орынды жаңа мектеп салынады. Сондай-ақ, әкімдік 300 орынды №16 мектептерге қосымша құрылыстар салуға және ағымдағы жылдың IV тоқсанында сарапшылардың қатысуымен №58 мектепке спорт және акт залдарын салуға ЖСҚ әзірлейді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында осы жылдың басынан бері жеке кәсіпкерлер 165 орынды 4 балабақша ашты. Осы жылдың желтоқсан айында Мәуленов көшесі, 57 мекенжайында жалға алудан кері қайтарылған балабақша ғимаратын (жобалық қуаты – 145 орын) күрделі жөндеу отырып, сейсмикалық күшейтуге жобалау-сметалық құжаттама сараптамасының қорытындысы алынады. Жұмыстарды келесі жылдың наурыз айында (конкурстық рәсімдер өткізілгеннен кейін) бастау жоспарлануда.

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

«Абай – Масаншы көшелерінің қиылысындағы бұрынғы теміржол ауруханасының ғимаратын реконструкциялауға» жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Тарихи келбеттің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жоба Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы «Қазреставрация» кәсіпорнымен келісуден өтті.

Сараптама қорытындысын 2024 жылдың I тоқсанында алу және құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2024 жылдың II тоқсанында бастау жоспарланып отыр. Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін осы ғимаратта заманауи «Қалалық балаларды оңалту орталығы» ашылмақ. Оның құрылыс-монтаждау жұмыстары 2025 жылдың I тоқсанында аяқталады.

2024 жылдың II тоқсанында Райымбек даңғылы 312 мекенжайында психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бассейні бар спорт орталығының құрылысы басталады. Әйтеке би көшесінің бойында 500 келушіге арналған жаңа емхана салу бойынша (ескі ғимаратты бұза отырып, қалалық ревматологиялық орталықтың орнына) сараптама қорытындысын 2024 жылдың II тоқсанында алу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда №3 емхана ғимараты мен Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығын күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

ТҰРҒЫНДАР КҮТКЕН БАҒДАРЛАМА

Аудан әкімдігі биылғы жылға 19 ауланы күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлаған, оның 10-ны жаңғыртылды. Қалған 9 ауланы күрделі жөндеу жұмыстары басталды, осы жылдың қазан айының соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ, қазан айының соңына дейін ауданның 50 ауласында ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталады.

Осы жылға 47 тұрғын үйдің фасадын жөндеу жоспарланған, 27 үйде жұмыстар аяқталды, қалған 20 үйде жөндеу жұмыстары осы жылдың қыркүйек айында аяқталады.

Күләш Байсейітова атындағы жаяу жүргіншілер көшесін абаттандыру аяқталды, Прокофьев бульвары мен Дүйсенов жаяу жүргіншілер көшесінде, сондай-ақ «Тастак» шағынауданындағы «А.Байтұрсынов» және «Будан» скверлерінде автоматты суару құрылысын орната отырып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Қала әкімінің айтуынша, қыркүйек айының соңына дейін Алмалы ауданының тағы 5 скверін («Ганди Паркі», «Биокомбинат», «Сосновий», «Кіші Ганди», «А.Иманов сквері») көгалдандыру және автоматты суару жүйелерін орнату арқылы абаттандыру аяқталмақ.

1 қыркүйекте аудан әкімдігі қалған 17 жобаны қамти отырып, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының 2 кезеңін іске асыруды бастайды. Атап айтқанда, 11 жоба – аула кеңістігін жаңғырту, 5 жоба қоғамдық

ТҮЙІН: Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың ешқайсысын жауапсыз қалдырған жоқ. Алмалылықтарды мазалаған жол қауіпсіздігі, тазалық, қоғамдық кеңістіктер құру, коммуналдық қызметтер, т.с.с. әлеуметтік мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

кеңістікті өзгертуге және 1 экологиялық жоба Жібек жолы жаяу жүргіншілер көшесінің бойында эжоурналар (қайта өңделген және қайталама шикізаттан өндірілген) орнатуға бағытталған.

Қала әкімінің айтуынша, Алмалы ауданында биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы жалпы 34 жобаны іске асыра отырып, (барлығы 1,6 млрд теңге бөлінді, 1 кезең – 771 млн теңге, 2 кезең – 875 млн теңге) 2 кезеңде іске асырылуда. Бүгінде тұрғындардың 17 жобасын қамтитын 1-кезең аяқталды.

СҰРАҚ-ЖАУАП

ЖАҢА КРЕАТИВТІ ОРТАЛЫҚТАР ҚҰРАМЫЗ

Шаһар басшысы Алмалы ауданын дамытуға қатысты ең өзекті мәселелер бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша баяндамасынан кейін, тұрғындардың сауалына жауап берді.

Алмалы ауданы тұрғынының сұрағы: Мен Арбаттың жанында тұрамын және біздің сауалымыздың орындалғаны үшін әкімдікке алғыс айтқым келеді. Бізді Арбаттағы қауіпсіздік, үнемі скутерлер, мотороллерлер, олардың жылдамдығы қатты алаңдататын. Қазір бұлардың барлығына тыйым салу белгілерін қойды, мұнда жүру қауіпсіз болды, адамдар серуендеп, өте риза. Біз Арбаттың қаланың өте әдемі бөлігіне айналғанын қалаймыз – Панфилов көшесінде музыканттар ойнай алатындай орын бөлуді сұраймыз, өйткені олар түні бойы терезелеріміздің астында билеп, ән айтады.

Қала әкімінің жауабы: Менің ойымша, бұл біздің халқымыздың мәдениеті. Кешкі 11-ге дейін ән айтуға және билеуге рұқсат етіледі. Түнгі 11-ден кейінгі мәселе заңмен шешіледі. Егер біз Панфиловтың бір жерінде орын бөлетін болсақ, онда басқа адамдардың пәтерлері бар емес пе. Егер біз орын беретін болсақ, екінші жерде мәселе туындайды. Сондықтан біз не істеу керектігін реттеуге тырысамыз және музыканттарымызды, бишілерімізді және т.б. қолдаймыз, бірақ заң аясында. Қазір біз жастарға арналған жаңа шығармашылық орталықтар құру бойынша жұмыс істеп жатырмыз, онда өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік болады.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ ТАРИФТІК ТӨЛЕМ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Алмалы ауданы тұрғынының сұрағы: Бір күн бұрын Президентпен кездесуде Сіз «Оңай» іске қосылған еттен бастап алматылықтарға уәде етілген екінші көлікке тегін ауысып отыруға мүмкіндік беретін жаңа тарифтік төлемі енгізілетінін айттыңыз. Айтыңызшы, ол қалай жүзеге асады және тасымалдаушыларға берілетін субсидиялар қаншалықты ұлғаяды. Әкімдік бұл ақшаны қайдан алады, бұл нені үнемдейді?

Қала әкімінің жауабы: Субсидиялар туралы әлі сөз қозғалған жоқ. Өздеріңіз білетіндей, мәслихат тарифті көтеру, яғни нарықтық негізге көшу жөнінде біздің ұсынысымызды қолдады. Бізде, керісінше, жылдар өткен сайын тасымалдаушыларға бөлетін субсидияларды қысқарту міндеті тұр. Олар айдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджеттен қаражат бөлінетінін күтіп отырмай, өз тірліктерін жасаулары тиіс. Ал Алматы үшін мастер-жоспар және көлік құрылымы мәселелері мен тарифтік төлем әзірленуде. Жыл соңына дейін біз тарифтік төлем форматын қабылдаймыз, егер олар билет немесе pass алса, оның ішінде тиісті тегін тарифтік аударымдар қарастырылады. Біз қазір бұл мәселені көлік холдингімен, олардың жұмысы мен талдау қорытындысы бойынша пысықтап жатырмыз. Есепке қысқа трансплантация, ұзақ, әр түрлі көлік түрлері (автобус, метро, троллейбус және т.б.) туралы ақпарат алынады. Менің ойымша, қазан айының соңында біз тарифтік төлемді ұсына аламыз, қала тұрғындарының пікірін сұраймыз жән содан соң бекітеміз.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Қыркүйек айында жалпы ұзындығы 17,6 км қалған 13 көше бойынша жұмыстар аяқталады



Жыл басынан бері 5 маршруттың (№13, 17, 69, 88, 119; 84 бірлік автобус) автобустары жаңартылды



2024 жылдың IV тоқсанында құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтай отырып, Райымбек даңғылы Әуезов көшесінің қиылысында 1,5 мың орынды жаңа мектеп салынады



Аудан әкімдігі биыл 19 ауланы күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлаған, оның 10-ы жаңғыртылды



Осы жылға 47 тұрғын үйдің қасбетін жөндеу жоспарланған, 27 үйде жұмыстар аяқталды, қалған 20 үйде жөндеу жұмыстары осы жылдың қыркүйек айында аяқталады

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТҰРҒЫН ҮЙ

ПӘТЕР КІЛТІН АЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Түркісіб ауданы «Жас қанат» ықшамауданындағы Қонаев атындағы өндірістік кооперативте (ӨК) орналасқан коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін пәтерлерге кезекте тұрғандарды орналастыру жалғасуда.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Үй кезең-кезеңімен беріледі. Бірінші кезең 25 тамызда, жаңа оқу жылы қарсаңында басталды. Алматы әкімдігінің өкілдері 109 отбасыға жаңа пәтер кілтін табыстаған еді. Кеше тағы 178 отбасыға пәтер кілті берілді.

«Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша тұрғын үй кезегінде 41 мыңнан астам адам тұр. Осы ауданда көпбалалы отбасыларға және халықтың әлеуметтік осал топтарына барлығы 401 жалдамалы пәтер беру жоспарланған. Алматы әкімдігі тұрғын үй кешенінде дамыған инфрақұрылымды құруға ден қояды. Пәтерлер мемлекеттік бағдарламамен кезекте тұрған тұрғындарға кезек тәртібімен берілді. Әр жылы әртүрлі санат бойынша (көпбалалы, жетім балалар, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар, т.б.) пәтерге кезекке тұрған. Пәтерлер өмір бойына беріледі. Үш жыл сайын келісім-шартты созып тұруы керек. Пәтерлердің үкіметке төлейтін арендалық бағасы бар. Бір бөлмелі пәтерлер айына 20 мың, екі бөлмелі 25–27 мың, үш бөлмелі пәтерлер 35 мың теңге болады. Жалға алған тұрғындар үшін болашақта осы пәтерлерді сатып алуға мүмкіндік беру туралы заң жобасы қарастырылуда. Пәтердің қасында күні кеше ашылған мектеп бар. Мектепке қарама-қарсы жерде балабақша салынып жатыр. Жылдың аяғына дейін құрылыс жұмыстары аяқталады», – деді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

Қонаев атындағы ӨК-де үйлердің құрылысы 2021 жылы «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында басталған.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



«Інім – мүмкіндігі шектеулі жан. Анамның үй кезегінде тұрғанына 20 жыл болды. Бүгін, міне, біздің отбасымыз үшін айтулы күн. Өте қуаныштымыз. Біраз жыл пәтерден-пәтерге көшіп, үйсіз жүрген азаматтарға берілген үлкен

мүмкіндік үшін алғысымды білдіремін», – дейді қала тұрғыны Несібелі Әріпжанова.

Мөлдір ЕМБЕРДИЕВА,
көпбалалы ана:

– 4 балам бар. 2018 жылдан бері үй кезегінде тұрмын. Төртінші баламды дүниеге әкелгеннен кейін кезекке тұрдым. Баспаналы болғанымды кеше білдім. Алматы әкімдігінен хабарласып, қуанышты жаңалықты айтқанда, қандай сезімде болғанымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Пәтер екі бөлмелі. Айына 27 мың төлеп тұрамыз.

Балаларымды пәтер жанындағы №211 мектеп-гимназиясына орналастырып, өзім де сол мектепке жұмысқа тұрдым.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

60 жаңа автобус ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Биыл 31 тамыздан бастап №38, 38А және №37 маршруттарына жаңартылған 18 метрлік 60 автобус іске қосылды. Бұған дейін жылжымалы бірліктердің жетіспеушілігіне байланысты бұл бағыттардағы қозғалыс аралығы 40 минутқа дейін жеткен. Мамандардың айтуынша, бұдан былай автобустардың жаңартылуымен қарбалас уақытта жүріс жиілігі 6-7 минутқа дейін азаяды деп күтілуде.

Айта кету керек, босатылған автобустар №201 маршруттың жылжымалы құрамын ауыстыратын болады. Осылайша №201 маршрутта 24 бірлік 18 метрлік автобус қызмет көрсетеді. Осыған дейін бұл маршрутта қозғалыс аралығы 15 минутқа дейінгі уақытты құрайтын, жылжымалы бірліктерді күшейтумен қозғалыс аралығы 7 минутқа дейін азаяды деп күтілуде.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыда биыл коммуналдық автопарк 600 газ автобусы мен 100 троллейбус сатып алып жатыр.

Бүгінде 100 автобус қалаға келді және құжаттарының ресімделуіне қарай желіге шығарылып жатыр. Ал қалған автобустарды жыл соңына дейін қалаға жеткізу жоспарланып отыр. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін №24 және №125 маршруттардың жылжымалы бірліктері жаңартылған болатын.

Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТАЛБЕСІК

Биоөңдеудің 4-кезеңінде 2,3 миллионнан астам ағаш қамтылады

Шағарымызда ағаштарға биологиялық препараттар шашылады, себебін алматылық экологтар түсіндіріп берді.



Қала экологтары жапырақ жейтін зиянкес жәндіктер мен саңырауқұлақ ауруларының қоздырғыштарына қарсы биологиялық өңдеудің төртінші кезеңі басталғаны туралы хабарлады. Алдыңғы үш кезең сәуірден тамызға дейін өткізілген.

«Ағаштардың жағдайын жақсарту және әртүрлі зиян организмдерге төзімділігін арттыру үшін биоөңдеудің төртінші кезеңінде 2,3 миллионнан аса ағашты қамту жоспарда бар. Зиянкес жәндіктердің биологиялық ерекшелігіне сүйеніп, жұмыс түнде және таңертең ерте жүргізіледі. Биыл зиянкес-монофагтарға әсер ету үшін бірінші кезең кезінде емелдер үш рет, теректер екі рет өңделді», – деді Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев.

ЭКОБАҒДАРЛАМА

БАС БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТА

«Плюс» саяжай жұмысын бастады

Мұнда алдағы уақытта 50-ден астам тегін іс-шара өткізіледі. Жайлы орын елімізде алғаш рет ашылып отыр. Нағыз демалатын орын, мұнда өнер сүйер қауым жиналады. Іс-шара бірегей форматта: Кинопоисктен фильм көрсетілімі, камералық концерт, лекция мен шеберлік сабақтары өтеді. Ашық аспан астында қазақстандық классиктер мен Кинопоисктен халықаралық хиттердің фильм көрсетілімі болады.

Плюс саяжайында йога сабақтары күн сайын дерлік таңертең өтеді, ал түстен кейін саяжай клубына баруға болады. Қонақтарға үстел теннисі мен кикерден шахматқа, дойбы мен кітап алмасуға дейін тегін қолжетімді. 10 қыркүйектен бастап балаларға арналған музыкалық-визуалды шеберлік сыныбы өтеді. Онда кішкентай қонақтар құлаққапта музыка тындап болған соң, сурет салу арқылы әуенді қағазға көшіреді.

«Плюс саяжай – Алматыдағы Ботаникалық баққа зер сала отырып жасалған экобағдарлама. Ботаникалық бақтың камералық атмосферасына органикалық түрде сәйкес келу, кеңістіктің дыбыстық

экологиясын бұзбау үшін әртістердің қойылымы акустикалық форматта өтеді. Плюс саяжайында табиғатты қорғау мен ботаникаға арналған дәріс пен шеберлік сабақтары да жоспарланған. Іс-шаралардың толық бағдарламасы арнаулы сайтта қолжетімді. Кеңсе 24 қыркүйекке дейін ашық болады. Plus саяжайына кіру сайтта алдын ала тіркелу арқылы тегін. Жазылымы жоқ қонақтар тегін сынақ мерзіміне жазыла алады, Ботаникалық баққа қосымша билет қажет емес», – деп хабарлады экобағдарламаның басы-қасында жүргендер.

Әзірлеген
А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



БРИФИНГ

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ РӘСІМДЕУ қалай жүргізіледі?

Жасына байланысты зейнетақыны қалай рәсімдеуге болады? Алматы қаласы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде зейнетақыны қалай дұрыс рәсімдеу керектігін, бұл үшін қандай құжаттар қажеттігін тиянақты түсіндірді.

«Зейнетке шығуға алдын ала дайындалу қажет. ХҚКО-на құжаттардың түпнұсқасын ұсыну, зейнетақы аударымының бар-жоғын тексеру, тиімді нұсқаны есептеу қажет. Құжаттарды туған күнінен 10 күн бұрын тапсыру керек», – деді заңды және жеке тұлғалармен жұмыс істеу, электрондық іс макеттерін бақылау басқармасының басшысы Найла Мұхаметқалиева.

Тұрғылықты жері бойынша ХҚКО филиалдарына жүгінген кезде өзімен бірге мынадай құжаттар:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- еңбек кітапшасы (немесе мұрағат мекемелерінің анықтамалары);
- білімі туралы құжат;
- әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;
- неке туралы куәлік (тегі өзгерген кезде);
- балалардың туу туралы куәліктері (туу туралы актілік жазбадан үзінді немесе азаматтық хал актілерін тіркеу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) болуы қажет.

Егер қандай да бір құжат болмаса, мысалы, еңбек



кітапшасы болса, ұйымнан мұрағат анықтамасын ұсынуға болады. Басқа жағдайда сотқа жүгініп, судьяның шешімін ұсыну қажет. Спикер жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау 2001 жылғы 1 шілдеден бастап 63 жасқа толған ер адамдарға, 58 жасқа толған әйелдерге жүргізілетінін еске салды.

Зейнетақы төлемдері әйелдерге жасы бойынша:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;

- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;
- 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;
- 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;
- 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда тағайындалады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалар төлейтін еңбек шарттары бойынша жұмыс;
- 2) әскери қызмет;
- 3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет;
- 4) Мемлекеттік қызмет;
- 5) Кәсіпкерлік және табыс әкелетін өзге де қызмет;
- 6) I топтағы мүгедектігі бар адамға, II топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасы бойынша сырттан көмекке мұқтаж зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарттарға күтім жасау уақыты;
- 7) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы күту уақыты ескеріледі.

Спикер мәліметінше, жыл басталғалы бері жеті айдың ішінде жасына байланысты зейнетақы төлемі бойынша 4280 өтінім берілген. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі бойынша 4871 және портал арқылы өтінім бергендер – 18, Халыққа қызмет көрсету орталығы бойынша 4853 өтінім берілген.

ЕРЕЖЕ

29 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол қозғалысын ұйымдастыру туралы заңға қол қойды. Бұл заң электрлі самокаттарға тікелей қатысты. Аталған заң 30 тамызда күшіне енді.

Электрлі самокатпен жүрудің ережесі ескертілді

Енді заңды түрде электрлі самокат көлігімен велосипед жолымен, автожолдың жүру бөлігінің оң жақ шеткі жолағымен, сондай-ақ тротуармен жүруге болады, – деп хабарлады Алматы қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек ӨКҚ брифингінде.

«Енгізілген өзгерістерге сәйкес, электрлі самокат жүргізушілері велосипед жолымен жүреді. Сол тәрізді, заңмен енгізілетін шарт пен тыйымды сақтай келе, жол жүру бөлігінің оң жақ шеткімен электрлі самокаттардың жүруіне жол ашық», – деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар, электрлі самокаттардың жүргізушісі кемінде 18 жаста болуы керек, ол бекітілген дулыға мен шағылыстыратын киім киюі керек, сондай-ақ кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы қажет. Жол қозғалысы саласындағы заңнамаға енгізілген жаңа өзгеріске сәйкес, мопед, электрлі самокат, велосипед жүргізушілеріне мынадай жағдайда:

- рөлді бір қолмен болса да, ұстамай жүргізуге;
- бір бағыттағы қозғалыста бір жолақтан солға бұрылуға не кері бұрылуға;
- мопед пен велосипедке арналған тіркемені сүйреуден өзге, мопедті, электрлі самокат пен велосипедті сүйреуге;
- көлік құралын жүргізіп келе жатып, жаяу жүргінші өткелінде жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге;
- басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне көрінуді қамтамасыз ететін, жол жүру ережесінде белгіленген талапқа сай, шағылысатын затсыз жолдың жүру бөлігінде түнде жүруге;
- жолдың жүру бөлігінде бекітілген дулығасыз жүруге тыйым салынады.

Өзгеріске сәйкес, электрлі самокат жүргізушілері велосипед жолымен қозғалады. Ол

САМОКАТҚА САЛҒЫРТ ҚАРАУ жазатайым оқиғаны жиілетеді

болмаған жағдайда, заңмен белгіленген шарт пен тыйым салуды ескере келе, электрлі самокатқа жүру бөлігінің оң жақ жиегімен жүруге рұқсат етіледі. Ережелердің бірін бұзған жағдайда: ҚР ӨҚБК-нің 593-бабы (жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтамау) және ҚР ӨҚБК-нің 620-бабы (жол қозғалысына қатысушыға қойылатын өзге де талапты бұзу) бойынша көлік жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Аталған баптардың санкциясына сай, құқық бұзушыларға – 5 АЕК немесе 17 250 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынады.

Жол қауіпсіздігін жадымыздан шығармайық!

Ішкі істер министрлігі «Q88» қазақстандық урбанистер қауымдастығымен бірлесіп, «Freedom Holding Corp» кайырымдылық қолдауымен Vision Zero Almaty жол қозғалысы қауіпсіздігі жобасының аясында электрлі самокаттарды пайдаланудың жаңа ережесін қолдану және хабардар ету мақсатында Алматы жолдарында акция өткізді.

Іс-шараны «Жастар рухы» жастар ұйымының белсенділері қолдап, полиция қызметкерлерімен бірлесіп келе, электрлі самокат пайдаланушыларға жаңа ереже жөнінде айтып, жеке қорғаныс құралдарын таратты. Алматыда «Жол қозғалысы туралы» заңға енгізілген жаңа өзгерістердің күшіне енуі осылайша атап өтілді.

Ақтоты БОРАНОВА,
ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің өкілі:

– Ішкі істер министрлігі тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тарту – басқадай мақсат емес, біз жол қозғалысына қатысушылардың барлығына қолайлы жағдай жасауды жасамаймыз. Жаңа Заңның қабылдануымен бірге, біз олардың жұмыс істеу тәртібін заңнамалық деңгейде бекітуге алғашқы қадам жасадық. Бұған дейін электрлі самокаттар мен шағын электр көліктері, былайша айтқанда, «заң аумағынан тыс» болды. Енді бірінші кезекте олардың қауіпсіз қозғалысына қойылатын талаптар



бекітіліп отыр. Бұл – әрбірден соң жолаушы тасымалы, жаяу жүргінші өткелінен өту, жарық шағылыстыратын арнаулы жолмен кию мен олардың жолдағы жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қажеттілік. Жол қауіпсіздігін жадымыздан шығармайық!

Мадияр ДӘУІРБАЕВ,
«Q88» урбанистер қауымдастығының атқарушы директоры:

– Жол қауіпсіздігін арттыру – біздің қауымдастық жұмысының негізгі бағытының бірі. Статистикаға сүйенсек, жолдарда жыл сайын 2 мыңнан астам адам өмірден өтіп, ондаған мың адам ауыр жарақат алады екен. Бұл апаттың жартысына жуығы қалаларда орын алады. Электрлі самокаттарды жалға беру қызметінің дамуымен бірге, аталған көлік түрімен жаяу жүргіншіге соқтығысулар орын алып, ешбір ереже болмауынан жаңа қиындықтар пайда болды. Біздің мемлекетімізде алғашқы қадамдар жасалды. Біздің миссиямыз – Ішкі істер министрлігімен бірге, жазатайым оқиғаның санын азайту және қауіпсіздік мәселесіне мүмкіндігінше көп адам тартылуы үшін өз үлесімізді қосу.

Бағлана МУСИНА,
Freedom Finance Global ESG директоры:

– Бүкіл әлем тұрақты және инклюзивті болашаққа ұмтылып жатқанда, Freedom экожүйесі трансформациялық жобалар мен жалпы қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыру арқылы елдегі ESG күн тәртібін қолдауды жалғастыруда. Соңғы бір жылда компанияның ESG бөлімі сыртқы экологиялық және әлеуметтік жобаларды қолдауға бастамашы болды. Соның ішінде бір мақсатымыз – Vision Zero Almaty 2023 бағдарламасын ілгерілетуге демеушілік көмек көрсету.

Жол қозғалысын нақты насихаттау – жазатайым оқиға мен өлімді азайтуға қажет. Vision Zero жол қауіпсіздігі жобасы – еліміздегі жаңа формат. Мұның мәнісі – жалпы, қалатанумен айналысатын мемлекеттік органдар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру. Осындай ынтымақтастық нәтижесінде мәселені хабардар ету мен оның өзектілігін арттыруға көмектесетін акцияның пайдасы зор.

Бетгі әзірлеген
Айнабай МӘДІ.



АЛҒЫС

Қамқорлығына ризамыз!

Тәуелсіздігімізбен қатар жүрген еліміз жұртшылығына деген мемлекетіміз тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық жыл өткен сайын, тіпті күн сайын арта түсуде. Бұл орайда, соңғы кездері Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Әділетті Қазақстан бағдарламасында да жан-жақты айтылып, арнайы жарлықтар мен заңдар қабылдануда.

Соның нәтижесінде қазіргі кезде халқымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруге байланысты әртүрлі деңгейде, әр салада игілікті істер жасалынып, жұртшылықтың болашаққа сенімі, ел басшылығына деген ризашылығы жоғарылай түсуде. Осы ретте еліміздегі жағдайы төмен, мұқтаж жандарға деген үлкен қамқорлықты айтпағанның өзінде, жастарға жағдай жасау, оның ішінде – оларды жұмыспен қамтамасыз ету, шәкіртақыларын өсіру, оқып, білім алуларына қолғабыс ету, баспаналы болуларына мүмкіндік жасау, сондай-ақ көпбалалы аналар мен асыраушысынан айырылған балғындарға көмек көрсету, зейнеткерлерге, жалғыздікті жандар мен мүгедек азаматтарға деген, тағы да басқа көптеген көмектер мен болашаққа жетелер ізгілікті істер екенінде дау жоқ. Дәл осындай қамқорлықты біздер де сезініп, келешекке деген сеніміміз арта түсуде.

Бүгінде еліміздің барлық аудандарында жалғыздікті, жалғыз тұратын қарттар мен І және ІІ топтағы мұқтаж мүгедектерге тегін қызмет көрсететін әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері бар. Яғни мұндай арнайы бөлімше біздің Алматы қаласы Алатау ауданында да бірер жылдан бері абыройлы жұмыс атқарып келеді.

Қазіргі кезде біздің ауданда бұл бөлімді іскер, еңбекқор, адамгершілігі жоғары Есбосынова Кенжегүл Қожақызы басқарып отыр. Бұл бөлімнің қызметкерлері біз сияқты зейнеткер, мүгедек жандарға жоғары деңгейде қызмет көрсетіп, барлық жағдайымызды жасап, көмектерін аямай, алғысымызға бөленуде. Осы ретте бөлімше меңгерушісі Кенжегүл Қожақызына, ол басқарып отырған бөлімше қызметкерлерінің бәріне ризашылығымыз шексіз. Бұл орайда тікелей бізбен жұмыс істейтін Тұңғышбаева Меруерт Мұраталықызына деген алғысымыз ұшан-теңіз. Меруерт қызымыз бізбен күн сайын хабарласып, барлық жағдайымызды жасап, көмек көрсетуден жалыққан емес. Біздер зейнеткер әрі мүгедек болғандықтан көп жағдайда көмекке мұқтажбыз. Міне, осындайда Меруерт Мұраталықызы бізге көмекке келіп, дүкеннен азық-түлігімізді әкеліп, емханаға апарып, басқа да баратын орындарға өзінің көлігімен апарып-әкеліп дегендей, көп көмегін тигізуде. Осындай қарапайым, жаны мен ары таза, мұқтаж жандарға шын жанашыр жастар көп болса екен дейміз. Меруерт қызымызға алғыс айта отырып, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Құрметпен
К.ИМАНБЕКОВА, А.ЖУСАНБАЕВА,
Ж.ИДРИСБЕКОВ, Т.ЦОЙ,
К.АХМЕТОВА, К.АКИНХОЖАЕВА.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2023 жылдың
9 тамызындағы №01 шешімі

2023 жылдың 10 тамызында Әділет департаментінде №1734 болып
тіркелді

Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2018 жылғы
14 наурыздағы «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі
аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы»
№01 шешімінің күшін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Жетісу ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 наурыздағы
«Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімі аппаратының «Б» корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістеме-
сін бекіту туралы» №01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1462 болып тіркелген) күші жойылды
деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Жетісу
ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Д.ӘКЕЖАНОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Зердеш» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік
қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын
алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына **1200 АЕК**-тен аспауы
керек (**2023 жылы – 4 140 000 теңге**). Ата-ана төлемі асып кеткен
жағдайда **«Қаржы орталығы» АҚ**-на хабарласуыңызды сұраймыз.
Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58,
сайты: www.fincenter.kz

СТАТИСТИКА

Алматы қаласының Статистика департаментінің мәліметіне сәйкес
2023 жылдың ІІІ тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс
деңгейінің көлемі **49 898 теңге**, кедейлік шегі – **34 929 теңгені**
құрайтынын хабарлайды.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен жур-
налистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде,
колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік же-
лілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы
поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика
Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.
Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты
немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге
болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып,
жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын,
жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен
төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде
көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі
24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty
aqshamy**» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген
мекенжайыңыз бойынша **Post.kz.** қызметі арқылы жүзеге
асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қала-
ларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс
Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды,
Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік
Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;*
* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті
ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты және
Аудандық ардагерлер кеңесі ҰОС ардагері, «Қызыл Жұлдыз»,
ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордендері және «Ерлігі үшін»
медальдарының иегері

Қайырлы Уатайұлы ЖОҢҚАБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақын-
дарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Ұлы Отан
соғысының ардагері, еңбек ардагері, Алматы қаласының
Құрметті азаматы Қайырлы Уатайұлы біздің жүрегімізде мәңгі
сақталады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



БӘРЕКЕЛДІ!

«ALATAU AQPARAT» 1-ОРЫН АЛДЫ

Қала күні қарсаңында БАҚ өкілдері арасында боулингтен жарыс өтті



Айнабай
МӘДИ

«Өнерге әркімнің де бар таласы» демекші, спорт та өнердің төресі. Достық пен татулықтың символындай сайыста алты бірдей редакция журналистері мен Алматы қаласының баспасөз хатшылары жарыс көрігін қыздырды. Аталған спорттық іс-шара Өңірлік коммуникациялар қызметінің бастамасымен шаһар клубтарының бірінде ұйымдастырылды.

Турнирге ТМД мен Еуропа елдері турнирлерінің жүлдегері, Қазақстанның спорт шебері Махмұт Ысқақов төрелік етті. Алдымен, төреші журналистерге классикалық боулинг ережесін түсіндіріп өтті. Бұл жолы Alash media group, «Неделя спорта», «Nur.kz» ақпараттық агенттіктерінің, Almaty телеарнасы, «Вечерний Алматы» мен «Almaty aqshamy» газеттерінің журналистері, сондай-ақ баспасөз хатшыларының құрамасы камера, диктофон, қойын дәптер мен қаламсабын сын-сайыстың салмақты шарына ауыстырып, боулингте әуесқойлардың да таласы барын танытты.

«Быттыр бильярд турнирін ұйымдастыру барысында бізде боулинг жарысын өткізу идеясы қылаң берген.

Қала күніне орай, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен құралған алматылық командалар арасында боулингтен турнир өтті.



Көптеген журналистер боулингті жақсы ойнайтынын айтқан-ды. Биыл БАҚ арасында достық турнирін өткізуді ойластырдық. Сондай-ақ, бүгін журналистер мен блогерлер арасында футболдан турнир өткізіледі. Осылайша журналистер бейресми жағдайда кездесуге мүмкіндік алып, денешынықтыру мен спорттың дамуына өзіндік ықпал етеді. Жағымды эмоция қай кезде де жақсы,



жұмыстан қолы қалт еткенде әріптестерімен бірге спортты серік етіп, салауатты өмір салтына дағдыланғанға не жетсін», – дейді ұйымдастырушы Балсұлу Алексенова.

Бес сағат бойы боулинг әуесқойлары ойынға қызу қатысып, кегельдерін қағып, коржындағы ұпайын үстемелеумен болды. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің жетекшісі

Б.Алексенованың айтуынша, боулингтен турнир бірінші рет өткізіліп отыр. Биылғы бәсеке алда келе жатқан Қала күніне арналды.

«Тәжірибелі төрешінің төрелігімен ойын басынан-ақ қыза түсті. Марапаттан бұрын мәре маңызды болғаны байқалады. Жеңіске деген жігер қыз-жігіттерде жеткілікті еді. Өңірлік коммуникациялар қызметіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Быттыр бұл қызмет бильярдтан бәсі биік бәсеке ұйымдастырған. Бұл жолы ойыншылардың барлығы страйк алуға тырысты, бұған көбінің шама-шарқы жетті. Боулингшілер жан алысып, жан беріскендей бәсекелесіп, әдемі ойын өрнегін көрсетті. Жарыста ұпай жеңгендей емес, достық жеңгендей әсерде болдық», – деді бізбен әңгімесінде осы ойынның бір белсендісі, алатаулық Куаныш Дюскалиев.

Ойналған фреймдердің нәтижесі мынадай: I орынды «Alatau Aqparat» жеңіп алды. II орын – Almaty телеарнасының еншісінде кетті. III орын – «Неделя спорта» ақпарат агенттігіне бұйырды. «Үздік ойыншылар» – Нұрбол Мелдебеков («Alatau Aqparat»), Аида Әмірқұлова (Almaty телеарнасы) атанды. Турнир жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы диплом мен сыйлық сертификаттарына ие болды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

Біздің бабаларымыз қыркүйек (мизам) айын қуана қарсы алған. Келуін асыға күткен. Бұл ай ел байлығының еселенетін, көктемгі-жазғы шаруа жұмыстарының қорытындыланатын кезі. «Балапанды күзде сана» деген қанатты сөз бар. Бұрынғылар күз айларын жылауық күз, жомарт күз, күрең күз, сары күз, алтын күз, т.б. деп бірнеше мезгілге бөлген. Қазір жылауық күз. Өйткені, бұл айда жауын-шашын көп болады.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Жылауық» ай да келіп жетті. Шылқылдаған шығы, жауын-шашыны, желі жиі көрініс беретін болғандықтан қазекен қыркүйекті осылай деп атаған. Бұл жолы айдың басы жауын-шашынсыз басталды. Дегенмен, күздің күні қашанда тұрақсыз.

Ары қарай амалдар өзінің ретімен жүре береді. Алдымызда – «Масақ» амалы келе жатыр. Табиғат тамыршысы атанған көнекөз қарттар мен қазақ есепшілерінің есебі бойынша, мизамның (қыркүйектің) 10–15 аралығында жүреді. Осы мезгілде бала-шаға егін жиналған атыздың масағын теретін болған. Малшылар жиналып болған атызға мал бағады, көрі-құртаң, бала-шаға және артық еңбеккүштер масақ тереді. Сол себепті, амал «масақ» аталса керек.

Қазір егін орылып, қырманға қызыл толып, жұмыс қызып жатқан қарбалас кез. Дикан ала жаздай төккен терінің жемісін жиып жатыр. Мұндайда ауыл қарттары мен жастары қырман бастырып жатқан шаруалар қосынан табылып, ақ тілегін білдіріп, қол көмегін тигізетін болған. Оларға кеусен беріледі. Кеусен – көмекшілерге берілетін жаңа астық...

Қыркүйекте күн салқындайды. Шық түседі, шөп буыны қатайып, жапырақтар сарғайады. Тіпті, кейбір ағаш жапырақтары саудырап түсіп, көркінен айрылады.

Бұл айдың Мизам және Мизан деген де жанама атаулары бар. Мизам – (низам) жарғы, ереже, қағида дегенді білдірсе, Мизан – таразы, өлшеуіш атауы. «Ақыл-мизан өлшеу қыл» (Абай).

Ертеде бабаларымыз заңнамалық қағидаларды осы күз айында шығарып, қабылдаған. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың қай-қайсысы да осы күз айында қорытындыланады, яғни таразыланады.

Бабалар күн мен айдың қимыл-әрекетіне қарап, ауа райындағы өзгерістерді болжай білген. Бұл болжамдар қазірге дейін тұрмыс-тіршілігіміз бен өндіріс жағдайы үшін пайдаланылып келеді. Таразының туғанына қарамастан, күн әлі ыстық қалпын сақтауда.

ҚЫРЫҚ ҚАТПАРЛЫ ҚЫРКҮЙЕК

Қарбаласы көп, аумалы-төкпелі амалы бар, күйек байлайтын, бақша өнімдерін жинайтын, орма масақ айы бұл



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮНГЕ ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Күн сарғыш-қызылданып, шаңқайып шықса, сол жылы құрғақшылық, ал күн күңгірттеніп, солғын көрінсе, жауын-шашын мол болады.
- * Күн сәулесін шашып шықса, жылдың жайлы, молшылық болуынан дерек бергені.
- * «Шыққан күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешке құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» (мақал).
- * Күн құлақтанып батса, ауа райы жылыға бейім болады.

